

**«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы**

# **«Атырау облысы жастарының әлеуметтік ахуалы»**

**Социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша  
аналитикалық баяндама**

**Астана, 2018**

**Атырау облысы жастарының әлеуметтік жай-күйі** Астана:  
«Жастар» ҒЗО, 2018. – 123 бет

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2018

## АННОТАЦИЯ

«Атырау облысы жастарының әлеуметтік ахуалы» атты әлеуметтік зерттеулерінің нәтижелері бойынша аналитикалық баяндама екі әдісті – жаппай әлеуметтанулық және эксперттік сұрау – қолданумен жүргізілген социологиялық зерттеу нәтижелеріне сүйеніп әзірленді.

Аналитикалық баяндама екі тараудан тұрады. Бірінші тарау 14-28 жас аралығындағы жастарды жаппай социологиялық сұрау деректерін талдауға арналған. Респонденттер саны 1000 адамды құрады. Сауалнамаға алынған тұрғындар қаланың әкімшілік-аумақтық орналасу, жасы мен жынысы сияқты негізгі параметрлер бойынша таныстырылады. Социологиялық сауалнама жастардың тұрғылықты жерінде (үй шаруашылықтары және оқу орны бойынша) жүргізілді.

Екінші тарауда жастармен жұмыс жасау саласындағы эксперттік сауалнама нәтижелері келтірілген. Сауалнамаға жастар ресурстық орталықтарындағы жастармен жұмыс бойынша мамандар, білім беру мекемелері мен кәсіпорындардағы өзін-өзі басқару, жастар үкіметтік емес ұйымдарының, жұмыспен қамту орталықтарының, «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанатының облыстық филиалы қызметкерлері, білім беру мекемелерінің әкімшілік қызметкерлері, психологтар, әлеуметтік педагогтар тарапынан 12 адам қатысты.

## МАЗМҰНЫ

<b>1 ТАРАУ ЖАППАЙ БҰҚАРАЛЫҚ СҰРАУ</b> .....	<b>6</b>
<b>1 Бөлім. Зерттеудің әдіснамасы</b> .....	<b>6</b>
<b>2 Бөлім. Атырау облысы жастарының әлеуметтік жай-күйі және қаладағы/ауылдағы жағдайды бағалау</b> .....	<b>9</b>
2.1 Жастар санасындағы басым құндылықтар.....	9
2.2 Жастардың елді-мекеннің дамуына және негізгі қызметтердің жұмысына қанағаттануы .....	11
2.3 Актуальные проблемы молодежи Атырауской области.....	15
2.3.1 Атырау облысы жастарының өзекті мәселелері.....	17
2.3.2 Жастар ортасындағы баспана мәселесі.....	21
Қорытындылар .....	23
<b>3 Бөлім. Жастардың әлеуметтік белсенділігі</b> .....	<b>26</b>
3.1 Қала жастарының патриоттық деңгейі және жастардың осы түсінікке интерпретациясы .....	26
3.2 Атырау облысы жастарының мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуына қанағаттану дәрежесі және жастармен жұмыс жасайтын ұйымдар туралы ақпараттандырылу деңгейі .....	28
3.3 Жастардың өз елін/қаласын/ауылын дамытуға қатысуының мүмкін формалары .....	32
3.4 Жастар ортасындағы наразылық әлеуеті.....	34
3.5 «Рухани жаңғыру» қоғамның санасын жетілдірудің мемлекеттік бағдарламасы туралы жастардың ақпараттандырылуы.....	38
Қорытындылар .....	41
<b>4 Бөлім. Атырау облысы жастарының дінге деген қарым-қатынасы</b> .....	<b>44</b>
4.1 Жастардың индивидуалды діншілдік ерекшеліктері .....	44
4.2 Атырау облысы жастарының діни әдебиетке және оны сатып алу көздеріне қарым-қатынасы .....	46
Қорытындылар .....	48
<b>5 Бөлім. Атырау облысы жастарының девиантты мінез-құлық формалары</b> .....	<b>49</b>
5.1 Жастар ортасындағы физикалық күш көрсету мәселесі.....	49
5.2 Жастардың шылым шегуге және алкогольизмге қарым-қатынасы ...	51
5.3 Атырау облысындағы жастардың арасында есірткінің таралу мәселесі .....	53
5.4 Атырау облысы жастарының экстремистік ұйымдардың әрекетінен қауіп-қатерлерді сезінуі.....	55

Қорытындылар .....	57
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>59</b>
<b>ҚОСЫМША.....</b>	<b>64</b>
<b>2 ТАРАУ. ЭКСПЕРТТІК СҰРАУ .....</b>	<b>87</b>
<b>1 Бөлім. Зерттеудің әдіснамасы.....</b>	<b>87</b>
<b>2 бөлім. Жұмыспен қамту саласындағы жастардың мәселелері .....</b>	<b>88</b>
2.1 Жастардың еңбек нарығындағы артықшылықтары мен шектеулері .....	88
2.2 Жастардың жұмыс іздеудегі негізгі стратегиялары .....	90
2.3 Жастардың еңбек нарығындағы мәселелері .....	92
2.4 Жұмыссыздық қауіп-қатеріне көп мөлшерде ұшыраған жастардың санаттары .....	94
2.5 Жастар арасында кәсіптік бағдарлау жүйесінің тиімділігін бағалау.....	97
<b>3 Бөлім. Жастардың азаматтық белсенділігі .....</b>	<b>102</b>
3.1 Жастардың мемлекеттік жастар саясаты туралы хабарлар болу деңгейі .....	102
3.2 Жастардың жастар ұйымдарының қызметіне қатысу деңгейі .....	103
3.3 Жастардың жастар ұйымдарына қатысу мотивациясы .....	105
3.4 Жастардың азаматтық белсенділік мәселелері .....	106
3.5 Азаматтық белсенділік саласында жастардың қатысу механизмдері .....	106
<b>4 Бөлім. Жастар арасындағы тәуекелдер мен қауіп-қатерлер.....</b>	<b>109</b>
4.1 Тәуекелдер мен қауіп-қатерлері бар жастардың өмірлік әрекетінің салалары.....	109
4.2 Жастар арасында алкогольизм және нашақорлық мәселесінің ауқымы .....	110
4.3 Жастар арасында суицид мәселесінің өзектілігі .....	113
4.4 Жастар арасындағы агрессия деңгейі және жастар қылмыстарының ерекшеліктері .....	115
4.5 Жастар арасындағы радикалды көңіл-күйдің даму себептері .....	115
4.6 Жастар арасындағы наразылық белсенділігінің деңгейі .....	115
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>117</b>
<b>ҚОСЫМША.....</b>	<b>120</b>

# 1 ТАРАУ ЖАППАЙ БҰҚАРАЛЫҚ СҰРАУ

## 1 Бөлім. Зерттеудің әдіснамасы

Жастар көптеген қоғамдық-саяси процестердің қозғаушы күші болып табылады және халықтың ең мобильді, белсенді бөлігі бола отырып, аймақтың дамуына елеулі үлес қоса алады. Жастардың әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдайлардың болмауы жастар қылмысының, наразылық белсенділігінің өсуінен көрініс табатын деструктивті салдары болуы мүмкін.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Атырау облысының жалпы халық санындағы жастардың үлесі 21,82 % құрады. Осылайша, облыстың әрбір бесінші тұрғыны – 14 пен 28 жас аралығындағы адам. Жастар ортасындағы жағдайды диагностикалау және мониторинг жасау проблемалық мәселелерді ертерек анықтауға көмектеседі, жастардың кері байланысы үшін арна болып табылады, нәтижесінде, тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда, сандық және сапалы зерттеу әдістерін қолдану арқылы жүзеге асатын жастар ортасындағы жағдайды талдаудың кешенді әдістерінің маңыздылығын атап өту керек.

Бұл социологиялық зерттеулердің *объектісі* – Атырау облысының жастары (14-28 жастағы тұрғындар).

Зерттеу *пәні* – Атырау облысы жастарының әлеуметтік жай-күйі.

Социологиялық зерттеудің *мақсаты* – Атырау облысы жастарының әлеуметтік жай-күйін, оның негізгі мәселелері мен тәуекелдерін зерттеу.

Социологиялық зерттеудің *міндеттері*:

- 1) жастардың әлеуметтік әл-ауқатын талдау;
- 2) Атырау облысы жастарының негізгі мәселелерін анықтау;
- 3) жастардың аймақтағы жалпы әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси жағдайын бағалауы;
- 4) жастардың жұмыспен қамту саласындағы мәселелерін талдау;
- 5) жастар жұмыссыздығының себептерін анықтау;
- 6) облыс жастарының әлеуметтік белсенділік деңгейін зерттеу;
- 7) Қазақстандағы бағдарламалық құжаттар туралы жастардың хабардарлық деңгейін анықтау;
- 8) жастардың мемлекеттік жастар саясатына қанағаттану деңгейін өлшеу;
- 9) жастар ұйымдарының қызметіне қатысатын жастардың үлесін анықтау;
- 10) жастар үшін әртүрлі ресурстардың (әлеуметтік, спорттық, мәдени инфраструктура және т.б.) қолжетімділігін анықтау;

- 11) жастардың діншілдік деңгейін анықтау және оларға әсер ететін факторларды анықтау;
- 12) Атырау облысы жастарының ортасында девиантты мінез-құлық формаларын талдау;
- 13) 14-28 жас аралығындағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесін анықтау (NEET - ағылшынша, not in Education, Employment or Training).

### ***Зерттеу болжамы***

Атырау облысы жастарының әлеуметтік мінез-құлықтық бағыт-бағдарларын қоса алғандағы әлеуметтік жай-күйі жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей байланысты. Бұл өз кезегінде жұмыспен қамту және баспана мәселелерінің өзекті болып қалуына байланысты. Жастар тұратын қала мен ауылдық жерлер әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейімен (жастар үшін демалыс орындары, спорттық кешендер, кинотеатрлар, кітапханалар және т.б.) ерекшеленеді, олар жастардың дамуына түрлі жағдайларды ұсынады. Бұл жастардың әлеуметтік белсенділігінің деңгейі мен қоғамдық маңызы бар қызмет түрлеріне қатысу деңгейіне ықпал етеді.

Жүргізілген *жаппай сауалнама* жастардың әртүрлі өмірлік әрекеттеріне қатысты пікірлеріне жаппай (жалпылама) деректер береді. Іріктемелі жиынтықты қалыптастырудың ғылыми әдістерін қолдану арқылы қамтамасыз етілетін сауалнаманың репрезентативтілігі респонденттерден аймақтағы барлық жастардан алынған пікірлер мен бағалауды экстраполяциялауға (таратуға) мүмкіндік береді. Іріктеу қателігі 3,5 % аспауы керек. Жобаның географиясы – Атырау қаласы және Атырау облысының 3 ауданы.

Жаппай сұраудың (сауалнама) инструментарийі блоктарға бөлінген:

1. жастардың әлеуметтік жай-күйін қаладағы/ауылдағы жағдайды бағалау
2. жастардың жұмыспен қамту және тұрғын үй саласындағы мәселелері
3. жастардың әлеуметтік белсенділігі
4. жастардың дінге қарым-қатынасы
5. жастардың девиантты мінез-құлқы

### ***Іріктемелі жиынтық***

#### ***Жаппай сұрау***

«Бетпе-бет сұхбат» әдісімен жаппай сұраудың іріктемелі жиынтығы Атырау облысының 14-28 жас аралығындағы 1000 тұрғынын қамтиды. Іріктемені есептеу социологиялық зерттеу кезінде Атырау облысының статистика департаментінің деректері бойынша жүргізілген. Іріктемелі жиынтықты (квота) қалыптастыру критерийлері ретінде келесілер есептеледі:

– Әкімшілік-аумақтық (Атырау қ. және Атырау облысының 3 ауданы);

– Жынысы бойынша (ер/әйел);

– Жас ерекшеліктері бойынша (14-18 жас, 19-23 жас, 24-28 жас).

Іріктемелі жиынтықтың құрылымы оның негізгі сипаттамалары бойынша жалпы құрылымға сәйкес келеді.

Социологиялық сауалнама жүргізу орны – тұрғылықты жері бойынша 500 адам, оқу орындарында (мектептерде, колледждерде және университеттерде) 500 адам.



## **2 Бөлім. Атырау облысы жастарының әлеуметтік жай-күйі және қаладағы/ауылдағы жағдайды бағалау**

Әлеуметтік жай-күй индивидтердің қоршаған айналасындағы әлеуметтік шынайылықты және өздерінің жағдайын эмоционалды-бағалаушы қарым-қатынасы. Әлеуметтік топтар мен қауымдастық деңгейінде бұл түсінік әлеуметтік көңіл-күйді және қоғамның тұрақтылығы/тұрақсыздығының дәрежесін көрсетеді. Әлеуметтік жай-күйдің тұжырымдамасы өмірге қанағаттану деңгейін, өзекті мәселелердің болуын, осы мәселелерді шешудің жолдарын, сондай-ақ адам/топтың қоршаған шынайылықты бағалауын қамтиды.

Социологиялық зерттеу шеңберінде Атырау облысы жастарының әлеуметтік жай-күйі олардың санасындағы басым құндылықтар, түрлі қызметтердің жұмысына қанағаттану деңгейі, жастардың өміріндегі басты мәселелер, жастар арасындағы негізгі – тұрғын үй және жұмыспен қамту – мәселелердің шешілуі бойынша жастардың көзқарасы сияқты көрсеткіштер арқылы зерттелді.

### **2.1 Жастар санасындағы басым құндылықтар**

Құндылықтар – индивид, әлеуметтік топ, қоғам сақтауға ұмтылатын және имеденуге күшін салатын материалдық немесе идеалды құбылыс.

Ерте жаста қалыптасқан құндылық бағдарлар жеке тұлғаның белсенді ұстанымын, өзін-өзі анықтауы мен дүниетанымын қалыптастыруына негіз болады. Осы себептен жастардың құндылықтарын зерттеу ерекше маңызды. Бүгінде, экономикалық және саяси тұрақсыздық кезеңінде жастардың тұлғалық құндылықтарының иерархиясына үнемі мониторинг жүргізу қажет, өйткені қоғамның болашақ дамуы соған тәуелді болып келеді.

Атырау облысындағы заманауи жастардың құндылықтар жүйесін анықтау мақсатында респонденттерден жастар үшін өмірдегі ең маңызды нәрселерді атау ұсынылды. Сауалнама барысында респонденттерге 13 жауап нұсқасы ұсынылды. Ұсынылған құндылықтардың тізімі көңілінен шықпаған жағдайда, оларға өз жауаптарын жазу мүмкіндігі берілді. Сонымен бірге, әрбір респондентке үш нұсқаға дейін таңдау мүмкіндігі ұсынылды.

Алынған нәтижелерге сәйкес, аймақтағы жастардың құндылық жүйесіндегі сөзсіз бірінші орын отбасына тиесілі. Жастардың басым көпшілігі (85,9 %) отбасылық институтты өмірлік басым құндылық ретінде қарастырады.

Жас ерекшеліктеріне сәйкес корреляциялық талдау көрсеткендей, респонденттің жасы ұлғайған сайын, отбасының құндылығы арта түседі.

Мәселен, 14-18 жас аралығындағы жастардың 80,6 % өмірлік маңызы бар құндылық ретінде отбасын таңдаса, 19-23 жас аралығындағы топта – 83,8 %, 24-28 жас аралығында – 90 % таңдаған. Отбасының құндылығы, негізінен, мәңгілік құндылықтардың (шынайы) бірі болып табылады, сондықтан бүгінгі жастардың отбасылық қарым-қатынастарды алдыңғы қатарға қойғаны кейбір сарапшылардың қазіргі заманғы жастарға жоғалған ұрпақ ретінде сынауын жоққа шығаруға мүмкіндік береді.

Жастардың өмірлік құндылықтары жүйесінде екінші орында – денсаулық (78,3 %). Жас ерекшеліктері бойынша респонденттердің жасы ұлғайған сайын денсаулық құндылығының арту үрдісі байқалады. Респонденттің жасы ұлғайған сайын денсаулықтың басым құндылық (14-18 жас – 64,6 %, 19-23 жаста – 80 %, 24-28 жаста – 86,2 %) болуы жиірек кездеседі.

Облыс жастарының құндылық иерархиясында үшінші орынға «махаббат» ие, мұнымен респонденттердің 21,2 % келіседі.

Респонденттердің 19,6 % үшін өмірдегі маңызды нәрсе – материалдық әл-ауқат, яғни, «мұқтаждықты көрмеу». Титулды этникалық топтың өкілдері арасында материалдық әл-ауқаттың құндылығы басқа этникалық топтардың өкілдеріне қарағанда төмен. Осылайша, жас қазақтар арасында бұл көрсеткіш 18,8 %, жас орыстар арасында – 33,3 %, басқа этникалық топтар арасында – 28,6 % құрайды.

Атырау облысы жастарының өмірлік құндылықтар жүйесіндегі бесінші және алтыншы орында оқуға, білімге (18,5 %) деген ұмтылыс және достық (16,8 %).

Зерттеу нәтижесі жастардың санасында діни, рухани тазалық пен мансап құндылықтарының салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді. Мәселен, атап айтқанда, респонденттердің тек 6,3 % мансапты өмірдегі басты басымдық деп санайды, 7,3 % дінді, 8,1 % жан тыныштығын таңдайды. Ұлты қазақ жастар арасында (5,9 %) жас орыстар (10,3 %) мен басқа этникалық топтарға (19 %) қарағанда мансаптың маңыздылығы төмен болып келеді.

Перифериялық немесе маңызы төмен құндылықтарға «билік» (1,4 %), «қоғамдық тану, атақ-даңқ, бедел» (2 %) және «кез-келген рахат алу, көңілді көтеру мүмкіндігі» (3,4 %) жатады. Мұндай құндылықтардың үлесі 6,8 % аспайды (1-кесте).

Егер құндылықтар жүйесін жастардың тұрғылықты жеріне қарай талдасақ, онда қалалық жастар үшін өмірдегі ең маңыздысы материалдық тұрғыдан қамтылған өмір, махаббат, мансап, қызықты жұмыс, кәсіп екендігі анықталады. Сонымен бірге, қалалық азаматтар ауыл тұрғындарына қарағанда, жан тыныштығы мен дін туралы жиі айтады. Ауылдық жастар болса, ең алдымен денсаулықты, отбасын және білімге, оқуға құштарлық сияқты құндылықтарды сөз етеді.

Респонденттердің жынысы бойынша деректерді талдау жас ерлер мен әйелдердің құндылық бағдарлары арасындағы үлкен айырмашылықтың жоқтығын көрсетті. Алайда, салыстырмалы тұрғыда, қызықты жағдай мансап пен материалдық қамтамасыз етілген өмірдің құндылығы қыздарға қарағанда ұлдар арасында жоғары. Осылайша, «қаржылық тұрғыдан қамтылған өмір» деген жауап жас ерлердің 20,4 % және жас әйелдердің 18,8 % таңдады; «мансап, қоғамда жоғары мәртебе» деген жауапты ер респонденттердің 7,8 % және әйел респонденттердің 4,9 % таңдады. Бұдан басқа, талдау көрсеткендей, достар мен сенім, дін құндылығы, жас жігіттер арасында жас қыздарға қарағанда жоғары.

Респонденттердің материалдық жағдайының қарай деректерді талдау респонденттердің әл-ауқатының өсуіне байланысты оқудың, білімнің құндылығы төмендеуін аңғартады. Осылайша, материалдық жағдайын «ақша азық-түлік үшін жеткілікті, бірақ киім сатып алу қиын» деп анықтаған жастар арасында білімді маңызды құндылық деп есептейтін респонденттердің үлесі 5,4 % құрайды, ал толық жетістіктегі жастардың арасында білімді басты құндылық деп таңдаған респонденттердің үлесі 22,3 % құрайды.

*1-кесте.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық не?», %*

	%
Отбасы	85,9
Денсаулық	78,3
Махаббат	21,2
Материалды қамтылған өмір	19,6
Оқу, білім	18,5
Достық	16,8
Қызық жұмыс, мамандық	14
Жан тыныштығы	8,1
Сенім, дін	7,3
Мансап, қоғамдағы жоғары мәртебе	6,3
Рахат алу, көңіл көтеру мүмкіндігі	3,4
Қоғамдық мойындау, атақ-даңқ, мәртебе	2
Билік	1,4
Басқасы	1,1


## **2.2 Жастардың елді-мекеннің дамуына және негізгі қызметтердің жұмысына қанағаттануы**

Осы зерттеудің шеңберінде «өмір сапасы» ұғымына келесі элементтер кіреді: респондент тұратын елді-мекеннің дамуына қанағаттануы, жастарды жұмыспен және тұрғын үймен қамту мәселелерін қоса алғандағы, өзекті мәселелер.

Осы зерттеудегі жастардың «өмір сапасының» маңызды индикаторы болып респонденттердің тұрғылықты ауданының даму қарқынына қанағаттануы болып табылады. Социологиялық зерттеуге сәйкес, Атырау облысының жас тұрғындарының 45 % өз елді-мекенінің даму қарқынына қанағаттанады деуге болады. Тағы 28,6 % өздерінің тұрғылықты жерінің дамуына толығымен қанағаттанады. Осылайша, жалпы есеппен Атырау облысы жастарының 73,6 % өздерінің тұрғылықты жерінің дамуына қанағаттанатыны анықталды (1-диаграмма).

*1-диаграмма.*

**Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз өз қалаңыздың/ауылыңыздың дамып жатқанына қанағаттанасыз?», %**



Елді-мекеннің даму қарқынымен қанағаттанбау облыстың әрбір төртінші тұрғынына тән – 25,9 %. Олардың арасында қаржылық жағдайын «ақша азық-түлік үшін жеткілікті, бірақ киім сатып алу қиын» және «әрдайым жеткілікті емес» деп анықтайтын респонденттердің үлесі, тиісінше, 45,9 % және 44,4 %.

Елді-мекеннің дамуына қанағаттану дәрежесі белгілі бір этникалық топқа тиесілігіне қарай өзгереді. Алынған нәтижелерге сәйкес, бұл көрсеткіш орыс (56,4 %) және басқа да этникалық топтармен (57,1 %) салыстырғанда қазақ (73,7 %) ұлт өкілдерінің арасында жоғары.

Сонымен қатар респонденттердің жас шамасы бойынша корреляциялық талдау жас өте келе елді-мекеннің дамуына қанағаттану дәрежесі артатынын көрсетті. Осылайша, 14-18 жастағы жастар арасында қаланың/ауылдың дамуына қанағаттану көрсеткіші 62,7 %, 19-23 жас аралығында – 69,7 %, 24-28 жас аралығында – 80 % құрады.

Тұрғылықты жері бойынша ауыл жастары қалада тұратын жастарға қарағанда (31,6 %), елді-мекендердің дамуына жоғары қанағаттану («қанағаттанамын деуге болады» және «қанағаттанбаймын

деуге болады» деген жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші 12,7 %) деңгейін көрсетеді. Әлбетте, бұл елді-мекеннің дамуына қатысты ауыл жастарының қала тұрғындарына қарағанда төмен талаптарымен түсіндіріледі.

Сауалнамаға негізделген деректерді талдау көрсеткендей, білім беру ұйымдарында сауалнамаға қатысқан жастарға (сәйкесінше 80,2 % және 65,2 %) қарағанда, үй шаруашылықтарында сұралған жастар елді-мекеннің дамуымен қанағаттану мәселесінде оң көзқарас білдірді. Бұл сұраққа респонденттердің 1,4 % жауап беруге қиналды.

Жастардың әлеуметтік жай-күйін зерттеу, басқалармен қатар, респонденттер тұратын қаланың/ауылдың негізгі қызметтерінің жұмысына қатысты бағалауды анықтауды қамтиды. Социологиялық сауалнама барысында Атырау облысының жас тұрғындары жұмыстарына қанағаттанатын және жұмысы қанағаттанарлықсыз деп санайтын қызметтерді атап өтті.

Жастар көбінесе сауда-саттық орталықтарының, дүкендердің (31,7 %), қосымша білімді қоса алғандағы білім берудің (26,6 %), жол құрылысы мен жергілікті жолдарды қамтамасыз ету (25,1 %), медициналық қызмет көрсетуді қоса алғандағы, денсаулық сақтау (24,3 %) және спорттық нысандар (21,9 %) секілді қоғамдық өмірдің салаларымен қанағаттанған. Бұдан басқа, әрбір бесінші респондент өңірдегі шағын және орта бизнесті қолдаумен және қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру қызметіне қанағаттанатынын атап өтті (2-кесте).

*2-кесте.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, Сіздің қалаңыздың/ауылыңыздың ЕН КӨП қанағаттанарлық деп санайтын қызмет түрін белгілеңіз», %*

	%
Сауда орталықтары, дүкендер	31,7
Қосымша білімді қоса алғандағы білім беру	26,6
Жол құрылысы, және жергілікті жолдарды қамтамасыз ету	25,1
Денсаулық сақтау, медициналық қызмет көрсету	24,3
Спорттық нысандар	21,9
Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру	18,3
Шағын және орта бизнесті қолдау	18
Абаттандыру және көгалдандыру	16,7
Саябақ, бақша жұмысын ұйымдастыру	14,7
Жастардың бос уақытын өткізуді ұйымдастыру	14,6
Автобустардың сапасын, аялдамаларды, автобустардың кестесін қоса алғандағы қоғамдық көлік	12
Тұрмыстық қызметтер	9,3
Қоғамдық қауіпсіздік	8,6
Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықтың жұмысы	4,5

Басқасы	0,9
Білмеймін	2,8

Сауалнаманың келесі сұрағына жауап бере отырып: *«Сіздің қалаңыздың / ауылыңыздың ЕҢ АЗ қанағаттанарлық деп санайтын қызмет түрін белгілеңіз?»*, респонденттер бұрынғы сұрақтағы секілді денсаулық сақтау және жол құрылысы сияқты салаларды атап өтті.

Дегенмен, салыстырмалы талдауды қолдана отырып, жастардың осы қызметтердің жұмысына қанағаттанбағанын айта аламыз. Осылайша, жастардың қанағаттану деңгейі «денсаулық сақтау, медициналық қызмет көрсету» (40,3 %), «жол құрылысы және жергілікті жолдарды қамтамасыз ету» (37,1 %), «абаттандыру және көгалдандыру» (29,4 %), «қоғамдық көлік» (29,3 %) және «жастар үшін мәдениет, бос уақытты өткізу» (24,7 %) сияқты әлеуметтік салаларға қатысты (3-кесте).

Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша алынған деректерді талдау ауыл жастарының қалада тұратын жастарға қарағанда, медициналық қызмет көрсетуге, бос уақытты өткізуге және шағын және орта бизнесті қолдауға үлкен дәрежеде қанағаттанатынын көрсетті. Алайда, жас ауыл тұрғындары өздерінің елді-мекендерін абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына, жергілікті жолдарды қамтамасыз етуге, қоғамдық қауіпсіздіктің деңгейіне және саябақтар мен бақшалардың жұмысын ұйымдастыруға аз қанағаттанатынын білдірген.

*3-кесте.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің қалаңыздың/ауылыңыздың ЕҢ АЗ қанағаттанарлық деп санайтын қызмет түрін белгілеңіз?», %*

	%
Денсаулық сақтау, медициналық қызмет көрсету	40,3
Жол құрылысы, және жергілікті жолдарды қамтамасыз ету	37,1
Абаттандыру және көгалдандыру	29,4
Автобустардың сапасын, аялдамаларды, автобустардың кестесін қоса алғандағы қоғамдық көлік	29,3
Жастардың мәдениет, бос уақытын өткізуді ұйымдастыру	24,7
Саябақ, бақша жұмысын ұйымдастыру	17,5
Тұрмыстық қызметтер	12,6
Спорттық нысандар	11,4
Торговые центры, магазины	10
Образование, включая курсы дополнительного образования	9,5
Қоғамдық қауіпсіздік	9,2
Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықтың жұмысы	7,3
Шағын және орта бизнесті қолдау	5,3
Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру	5,2
Басқасы	1,2
Білмеймін	2,7

## 2.3 Атырау облысы жастарының өзекті мәселелері

Атырау облысындағы жастардың өзекті мәселелерінің рейтингі көрсетіп отырғандай, үш негізгі – жұмыссыздық (37,2 %), төмен табыс (32,7 %) және жоғары білімнің жоғары құны (32,1 %) – әлеуметтік-экономикалық мәселе. Сонымен бірге респонденттердің тұрғылықты жері бойынша деректерді талдау бұл мәселенің ауылдық жерлерде тұратын жастардың жауаптарында жиі кездесетінін көрсетті. Осылайша, «білімнің жоғары құны» деген жауапты ауыл тұрғындарының 39,3 % және қала тұрғындарының 29 % таңдады. Нақты мәселе ретінде төмен табысты, тиісінше, ауыл мен қала тұрғындарының 45,7 % және 27,1 % көрсетті. Атырау облысының әрбір екінші ауылдық және әрбір үшінші қала тұрғыны жұмыссыздық мәселесі туралы айтты.

Өзектілігі бойынша төртінші орында – азық-түлік және халық тұтынатын тауарларға бағаның өсу мәселесі (23,7 %). Аймақтық негіздегі деректерді корреляциялық талдау қалалық және ауылдық тұрғындарда бұл мәселені қабылдаудағы айырмашылықтардың жоқтығын көрсетеді.

Өзектілігі бойынша бесінші позицияда – облыстағы жастардың экологиялық ахуалға алаңдаушылығы (17,8 %). Дегенмен, қалалық жастар экологиялық мәселеге жиірек алаңдайды (22,3 % қарсы 7,3 %) (4-кесте).

4-кесте.

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің қалаңыздағы/ауылыңыздағы жастар үшін ең өзекті мәселелерді атаңыз?», %*

	%
Жұмысқа тұру қиындығы, жұмыссыздық	37,2
Табыстың төмен деңгейі	32,7
Жоғары білім құнының жоғарылығы	32,1
Азық-түлікке, халықтың тұтыну тауарларына жоғары баға	23,7
Экологиялық мәселелер	17,8
Жастардың бос уақытын өткізу мәселелері, бос уақытты өткізетін жердің болмауы	17,5
Өзінің тұрғын-үйінің болмауы	16,1
Мәдениеттің төмен деңгейі, жастардың рухының болмауы	15
Нашақорлық, токсикомания, алкогольизм және шылым шегу	11,5
Сыбайлас жемқорлық	10,8
Медициналық қызметтің төмен сапасы	10,1
Ертеңгі күнге сенімділіктің болмауы	7,2
Жастар ортасындағы діни экстремизм	6,8
Білім берудің төмен сапасы	6,8
Жоғары жылдамдықты Интернетке, ұялы байланысқа мүмкіндіктің жоқтығы	4

Денсаулықпен байланысты мәселелер, шаршау, қалжырау	4,8
Ата-анамен, мұғалімдермен, аға буынмен шиеленістер, ата-ана және жақындардың түсінпеушілігі	4,7
Жастардың қылмыстық топтарға тартылуы	3,8
Жеке қауіпсіздіктің қауіп-қатері	3,4
Жеке өмірдің жағдайсыздығы	2,8
Мектепке дейінгі даму орталықтарының, қосымша білім берудің жеткіліксіздігі	1,7
Әлеуметтік және психологиялық қызметтердің, сенім телефондарының жетіспеушілігі	1,2
Басқасы	0,3
Білмеймін	1,1

Атырау облысындағы жастардың 17,5 % бос уақытты тиімді өткізу нысандарының жоқтығына шағымданады. Бұдан басқа, жастар тұрғын үйдің жетіспеушілік мәселесіне алаңдайды (16,1 %). Аймақтық тиесілілік бойынша аталған мәселелер қалада тұратын жастардың арасында ауылдағыларға қарағанда жиі кездеседі.

Респонденттердің 15 % жастар мәдениетінің төмен деңгейін атап өткен. Жастардың девиантты мінез-құлқының (нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің және т.б.) әртүрлі формалары, сыбайлас жемқорлық пен медициналық көмек сапасының нашарлығын, тиісінше, респонденттердің 11,5 %, 10,8 % және 10,1 % атаған. Қоныс типі бойынша деректерді талдау жоғарыда аталған мәселелер қалалық орта үшін аса маңызды екендігін көрсетті. Осылайша, жастардың әр түрлі девиантты мінез-құлықтарға тап болатынын қала тұрғындарының 13,7 % және ауыл тұрғындарының 6,3 % айтқан. Сыбайлас жемқорлық 14,3 % қалалық тұрғындар мен 2,7 % ауыл жастарын алаңдатады. Қалалық жастардың 11,9 % және ауыл тұрғындарының 6 % денсаулық сақтаудың төмен деңгейін атап өткен (5-кесте). Бұл айырмашылықты қалалардағы, ауылдардағы кейбір мәселелердің объективті түрде өзекті болуымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, бұл айырмашылықтар сауалнамаға қатысқан жастардың субъективті қажеттіліктеріне негізделуі мүмкін.

*5-кесте.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің қалаңыздағы/ауылыңыздағы жастар үшін ең өзекті мәселелерді атаңыз?», (елді-мекен типі бойынша)*

	ҚАЛА	АУЫЛ
Жоғары білім құнының жоғарылығы	29,0 %	39,3 %
Табыстың төмен деңгейі	27,1 %	45,7 %
Азық-түлікке, халықтың тұтыну тауарларына жоғары баға	23,9 %	23,3 %
Жұмысқа тұру қиындығы, жұмыссыздық	29,4 %	55,3 %
Өзінің тұрғын-үйінің болмауы	11,0 %	28,0 %
Жеке өмірдің жағдайсыздығы	2,6 %	3,3 %



Ата-анамен, мұғалімдермен, аға буынмен шиеленістер, ата-ана және жақындардың түсінпеушілігі	6,4 %	0,7 %
Ертеңгі күнге сенімділіктің болмауы	8,9 %	3,3 %
Мәдениеттің төмен деңгейі, жастардың рухының болмауы	19,3 %	5,0 %
Жеке қауіпсіздіктің қауіп-қатері	4,7 %	,3 %
Жастардың қылмыстық топтарға тартылуы	4,9 %	1,3 %
Жастар ортасындағы діни экстремизм	7,6 %	5,0 %
Нашақорлық, токсикомания, алкоголизм және шылым шегу	13,7 %	6,3 %
Жастардың бос уақытын өткізу мәселелері, бос уақытты өткізетін жердің болмауы	13,7 %	26,3 %
Жоғары жылдамдықты Интернетке, ұялы байланысқа мүмкіндіктің жоқтығы	5,3 %	1,0 %
Медициналық қызметтің төмен сапасы	11,9 %	6,0 %
Білім берудің төмен сапасы	7,6 %	5,0 %
Денсаулықпен байланысты мәселелер, шаршау, қалжырау	6,4 %	1,0 %
Экологиялық мәселелер	22,3 %	7,3 %
Сыбайлас жемқорлық	14,3 %	2,7 %
Әлеуметтік және психологиялық қызметтердің, сенім телефондарының жетіспеушілігі	1,7 %	0
Мектепке дейінгі даму орталықтарының, қосымша білім берудің жеткіліксіздігі	2,0 %	1,0 %
Басқасы	0,2 %	0,3 %
Білмеймін	1,4 %	0,3 %

Атырау облысының жастары әлеуметтік және психологиялық қызметтердің, мектепке дейінгі білім беру, қосымша білім беру орталықтарының жетіспеушілігі, жеке өмірдің болмауы және жеке қауіпсіздігіне қауіп-қатер сияқты мәселелерге аз алаңдайды.

Осылайша, жастардың өзекті мәселелерінің матрицасында материалдық компонент маңызды, яғни негізінен жастарды қаржылық қиындықтар алаңдатады.

### 2.3.1 Жастардың жұмыспен қамту саласындағы мәселелері

Жоғарыда келтірілген зерттеу нәтижелерінен көріп отырғанымыздай, жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселесі жастар үшін өте маңызды мәселе болып табылады. Бұл мәселеге мемлекет, әртүрлі институттар мен құрылымдар тарапынан үлкен назар аударылуда.

Респонденттердің 80,5 % *«Сіздің қалаңыздағы/ауылдағы жастар жұмыс іздеуде және жұмықа орналасуда қиындықтарға ұшырайды*

*ма?»* деген сұраққа сенімді жауап берді. Олардың 46,7 % жастар жұмыссыздығы проблемасының тұрақты сипатта екенін, ал қалған (33,8 %) жастар өз мамандықтары бойынша жұмыспен қамтылу қиынға түсіп жатқандығына ерекше назар аударды. Респонденттердің тек 5,1 % жастар арасында жұмыс іздеу мен жұмыспен қамтылуда қиындықтар жоқ екенін айтты. Қатысушылардың 11 % нақты жауап бере алмады. Бұл олардың ерте жасына байланысты мұндай тәжірибесінің жоқтығынан орын алды (6-кесте).

**6-кесте.**

**Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің қалаңыздағы/ауылдағы жастар жұмыс іздеуде және жұмысқа орналасуда қиындықтарға ұшырайды ма?», %**

	%
Иә, жастар үнемі жұмыспен қамтылу мәселесімен кездеседі	46,7
Жастарға өз мамандығын бойынша жұмысқа тұру қиынға соғады. Арнайы кәсіби дағдыларды қажет етпейтін жұмыс табу оңай.	33,8
Мен оқимын, жұмыс іздемеймін, жұмыс іздеуде, жұмыспен қамтылуда тәжірибем жоқ	11
Менің қаламдағы, ауылымдағы жас адамдарда жұмыспен қамтылуға қатысты мәселелер жоқ	5,1
Басқасы	0,5
Білмеймін	2,8

Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша деректерді талдау ауылдық жастардың қала тұрғындарына қарағанда жастардың жұмысқа орналасуындағы қиындықтардың тұрақты сипатын 2 есе жиі көрсетті (тиісінше, 66,2 % және 38,4 %) (7-кесте).

Респонденттердің білім деңгейі бойынша жастардың жұмыспен қамтылу мәселелерін ғылыми дәрежесі бар жастар 56,3 %, жоғары білімі бар (52,1 %) және орта арнайы білімі бар (52,7 %), тіпті білімі жоқ (26,5 %) немесе тек орта білім алғандарға (38,8 %) қарағанда көбірек көрсетті, бұл, ең алдымен, жоғары білімі бар адамдарға қарағанда, білімі жоқ адамдардың еңбек жағдайлары мен жалақыға қойылатын лайықты талаптарға байланысты болуы мүмкін.

**7-кесте.**

**Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің қалаңыздағы/ауылдағы жастар жұмыс іздеуде және жұмыс табуда қиындықтарға ұшырайды ма?» (елді – мекен типі бойынша)**

	ҚАЛА	АУЫЛ
Иә, жастар үнемі жұмыспен қамтылу мәселесімен кездеседі	38,4 %	66,2 %

Жастарға өз мамандығын бойынша жұмысқа тұру қиынға соғады. Арнайы кәсіби дағдыларды қажет етпейтін жұмыс табу оңай.	36,0 %	28,8 %
Менің қаламдағы, ауылымдағы жас адамдарда жұмыспен қамтылуға қатысты мәселелер жоқ	5,9 %	3,3 %
Мен оқимын, жұмыс іздемеймін, жұмыс іздеуде, жұмыспен қамтылуда тәжірибем жоқ	15,6 %	0,3 %
Басқасы	0,6 %	0
Білмеймін	3,4 %	1,3 %

Жастарды жұмыспен қамтуға кедергі келтіретін себептерді түсіндіру үшін респонденттерге **«Сіздің пікіріңізіше, сіздің қалаңыздағ/ауылдағы жастарды жұмысқа орналасуына не кедергі жасайды?»** деген сұрақ қойылды. Жаппай сұрау нәтижесінде түрлі пікірлер алынды. Жастардың жұмыспен қамтылудағы кедергісі негізінен жұмыс тәжірибесінің жоқтығы (52,8 %), төмен жалақы (49,7 %), тұрғылықты жердегі жұмыс орындарының жоқтығы (37,8 %), паракорлық, жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлығы (26 %), алған білімнің бос орындардағы функционалды талаптарына сәйкес келмеуі (20,8 %), жұмыс берушіге қажетті дағдылардың болмауы (11 %) (8-кесте). Осылайша, жастардың сұранысына олардың білімдерінің және еңбек нарығындағы нақты жағдайға сәйкес келмеуі өзекті болып отыр.

8-кесте.

**Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің пікіріңізіше, сіздің қалаңыздағ/ауылдағы жастарды жұмысқа орналасуына не кедергі жасайды?», ( %)**

	%
Жұмыс тәжірибесінің болмауы	52,8
Төмен жалақы	49,7
Тұрғылықты жердегі жұмыс орындарының болмауы	37,8
Паракорлық, жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлығы	26
Игерілген білімнің бос орындардың функционалды талаптарына сәйкес келмеуі	20,8
Жұмыс берушіге қажетті дағдылардың болмауы	11
Жоғары амбициялар, үлкен үміт	8,4
Денсаулық жағдайы	6,4
Кішкентай баланың болуы	3,9
Ер немесе әйел жынысына тиесілігі	2,5
Этникалық топқа тиесілілік	1,1
Ешқандай кедергілер жоқ	4,7
Басқасы	0,6
Білмеймін	4,4

Өз кезегінде, алаңдаушылық туғызатын жайт, респонденттердің 26 % жұмысқа орналасудағы кедергі ретінде «парақорлық, жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлығын» атап өткен. Бұл, жұмысқа тұру кезінде жастардың басым бөлігінің формалды процедураларға қарағанда, бейресми түрде, заңсыз жолдармен жұмысқа орналасуды құптайтынынан хабар беруі мүмкін.

Жастардың жұмысқа орналасуына кедергі келтіретін себептер респонденттердің тұрғылықты жеріне байланысты өзгереді. Осылайша, жас тұрғындарды жұмысқа орналастырудың басты кедергісі ретінде ауылдық өкілдер жұмыссыздықты айтады (74,7 %). Қалалық жастар үшін бұл мәселенің өзектілігі оншалықты өткір емес (22 %). Сондай-ақ, жас ауыл тұрғындары игерілген білімнің бос орынның функционалдық талаптарына сәйкес келмеуі есебінен қиындық туындайтынын 2 есе жиі (15,9 % қарсы 32,3 %) айтады. Қалалық жастар жиірек жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлығын (30,7 % қарсы 15 %) атайды және жоғары амбициялар мен жастардың өздерінің үмітін жоғары бағалауын (11,1 % қарсы 2 %) атап көрсетеді.

Жастардың жұмыспен қамтылудағы мәселелердің шешілу тетіктерінің бірі – оқуды бітіргеннен кейін мемлекеттің білім беру мекемелерінің түлектерін жұмыспен қамтуға ат салысуы. Осылайша, респонденттердің үштен бірі мемлекет жоғары және орта арнаулы оқу орындарының түлектеріне (35,2 %) бірінші жұмысқа кепілдік беруі керек деген пікірмен келіседі. Бұған көбінесе еңбек нарығында өздерін осал сезінетін және жұмыс іздеу және жұмысқа орналасудағы қиындықтарды сезінетін жас әйелдер сенімді.

Алайда, сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі (46,6 %) осы процедураны бітірушілердің өтініші бойынша жүзеге асыру керек деп санайды. Атырау облысының жас тұрғындарының 6 % мемлекеттік құрылымдарда жұмыс орындарын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы айтты. Респонденттердің 5,3 % жастардың жұмысқа орналасу үдерісіне мемлекеттің қатысу идеясын мүлдем қолдамайды, олардың арасында елдегі титулдық емес этникалық топ өкілдерінің айтарлықтай үлесі бар (бұл нұсқаны жас қазақстандықтардың 4,9 %, жас орыстардың 10,3 % және 14,3 % басқа этникалық топтардың өкілдері таңдаған) (9-кесте).

*9-кесте.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қалай ойлайсыз, мемлекет оқу орындарының түлектерінің жұмыспен қамтылуына қалай қатысуы керек?», %*

	%
Мемлекет жұмыс іздеуде жастардың қалауы бойынша қолдау көрсету керек	46,6
Мемлекет бірінші жұмыс орнына кепілдік беруі керек	35,2

Мемлекет тек мемлекеттік құрылымдағы жұмыс орнына ғана кепілдік беруі керек	6
Мемлекет қатыспауы керек	5,3
Басқасы	0,2
Білмеймін	6,6

Осылайша, жұмыспен қамтылудағы жастардың негізгі қиындықтары бірінші кезекте жұмыс тәжірибесінің жоқтығына байланысты алынған объективті жас ерекшеліктерімен, игерілген білімнің бос орынның функционалдық талаптарымен сәйкес келмеуімен түсіндіріледі. Бұл мемлекеттік білім беру мен жастар саясатын жүзеге асырудағы кемшіліктердің сақталуын білдіреді.

### 2.3.2 Жастар ортасындағы баспана мәселесі

Жастардың «өмір сапасының» тағы бір көрсеткіші тұрғын үй мәселесі болып табылады. Төмендегі 2-диаграммадан көріп отырғанымыздай, Атырау облысы жастарының жартысынан көбі (76,4 %) ата-аналарымен бірге тұрады. Сонымен бірге зерттеудің объектісі 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастардың, яғни жас респонденттердің арасында мектеп оқушылары бар екенін ұмытпау керек. Респонденттің жасы ұлғайған сайын, ата-аналарынан бөлек тұратын жастардың үлесі артады. Респонденттердің 8,5 % өздерінің тұрғын үйлері бар, Атырау облысының жас тұрғындарының басым бөлігінде 24-28 жас аралығында (14,4 %), ал кіші жас тобындағы жеке үйі бар адамдар саны көп емес (14-18 жас – 2,9 %, 19-23 жас – 2,2 %).

2-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, Сіздің жеке үйіңіз бар ма?», %




Қалған 15,1 % жастардың өздерінің жеке үйлері жоқ. Олардың 4,3 % туыстарымен, 5,6 % пәтерді/бөлмені жалға алады, 2,2 % ата-

анасымен пәтерді/үйді жалға алады, облыстың жасөспірімдерінің аз бөлігі студенттік жатақханада тұрады – 2,9 %.

Сауалнамаға қатысқан жастардың 73,1 % бүгінгі күнгі тұрғын үй жағдайына қанағаттанған. Респонденттердің тағы 18,6 % ағымдағы тұрғын үй жағдайына жартылай қанағаттанған (3-диаграмма).

*3-диаграмма.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қазіргі тұрғын-үй жағдайыңызға қанағаттанасыз ба?», %*



Атырау облысының жас тұрғындарының 7,4 % өздерінің тұрмыс жағдайларына қанағаттанбайтынын көрсетті, олардың басым бөлігі ауыл тұрғындары (9,5 % қарсы 6,5 %) (10-кесте).

*10-кесте.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қазіргі тұрғын-үй жағдайыңызға қанағаттанасыз ба?» (елді мекеннің түрі бойынша)*

	ҚАЛА	АУЫЛ
Иә, толықтай қанағаттамын	71,2 %	77,7 %
Иә, ішінара қанағаттанамын	21,1 %	12,7 %
Жоқ, қанағаттанбаймын	6,5 %	9,7 %
Білмеймін	1,3 %	0

Респонденттердің тұрғын-үй жағдайына қанағаттанбауының іргелі себебі тұрғын үйдің ескіргендігі болып табылады. Бұл туралы сұраққа жауап берген әрбір үшінші жас адам айтқан. Қанағаттанбаудың басқа да факторлары тұрғын үйдің шағын көлемі, пәтердің ыңғайсыз орналасуы (24,5 %), коммуналдық қызметтердің жоғары құны (24,1 %) және жалға берілетін тұрғын үйдің жоғары құны (22,6 %) болып табылады. Сондай-ақ, жастардың тұрғын-үй жағдайларына қанағаттанбауының өзекті

себептері арасында тұрғындардың көптігі кесірінен таршылық (19,9 %) және тұрғылықты жерінің беделінің жоқтығы (17,2 %) болып табылады (11-кесте).

Айта кету керек, «жайсыз тұрғын үй» және «аудандағы дамыған инфрақұрылымның жоқтығы» сияқты факторлардың ықпалы азырақ болса да, Атырау облысының жастары үшін маңызды болып отыр.

Жоғарыда аталған факторлардан бөлек, респонденттер «Басқасы» жауап нұсқасында студенттік жатақханалардың нашар жағдайы, жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейінің төмендігі, лифттер жұмысының нашарлығы, ПИК жұмысының нашарлығы, зиянкестерді тиімсіз жою және балалардың ауырып қалуына себеп болатын ағын суларының иісі және т.б. сияқты мәселелердің өзектілігін атап өтті.

Ауылдық/қалалық респонденттерді сұрау нәтижелерін талдау деректері көрсеткендей, жас ауыл тұрғындары тұрғын үйдің физикалық сипаттамаларымен қанағаттанбайды (ескіргендік, тарлық, шағын аудан), ал қалалық жастар көбінесе инфрақұрылымға және өмірдің экономикалық аспектілеріне көңіл аударады (коммуналдық қызметтердің құны, дамыған инфрақұрылымның жоқтығы, тұрғылықты жердің төмен деңгейі).

#### *11-кесте.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сізді неге өзіңіздің тұрғын-үй жағдайыңыз қанағаттандырмайды?», %*

	%
Ескі тұрғын үй	27,6
Ауданның кішкентай болуы, пәтердің ыңғайсыз жоспары	24,5
Коммуналдық қызметтердің жоғары құны	24,1
Жалға берілетін тұрғын үйдің жоғары құны	22,6
Тұрғындардың санына байланысты тарлық	19,9
Тұрғылықты жердің беделсіз болуы	17,2
Жайсыз тұрғын-үй	13
Тұрғылықты жерде дамыған инфрақұрылымның жоқтығы	13
Басқасы	8
Білмеймін	3,1

### **Қорытындылар**

1. Атырау облысының жастары үшін отбасы – өмірдегі басты құндылық. Оның үстіне, респонденттің жасы ұлғайған сайын, ол үшін отбасының құндылығы арта түседі. Жастардың құндылықтық бағдарлары иерархиясында денсаулық екінші орында тұр. Жастар үшін маңызды үшінші құндылық – махаббат, төртіншісі – материалдық әлауқат. Атыраудың жас тұрғындары құндылық иерархиясының бесінші орынына білімді қойды. Перифериялық немесе аса маңызы жоқ топтарға

«билік», «қоғамдық танылу, атақ-даңқ, бедел» және «кез-келген рахат алу, көңіл көтеру мүмкіндігі» жатады.

2. Жастардың өздерінің тұрғылықты жерінің дамуымен қанағаттануы, негізінен, оң баға берумен сипатталады. Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша деректерді талдау, өз жерінің дамуымен қанағаттанатын адамдардың арасында ауылдық жастардың бар екенін көрсетеді. Тұрғылықты жердің даму қарқынына қанағаттанбау облыстың әрбір төртінші тұрғынына тән, олардың арасында қаржылық жетістік деңгейі төмен респонденттердің айтарлықтай үлесі бар.

3. Жастардың әртүрлі атқарылатын қызметтердің жұмысына қанағаттануын қозғайтын болсақ, жастардың көпшілігі қоғамдағы саудасаттық орталықтары / дүкендер, білім және спорттық нысандары сияқты қызметтерге қанағаттанған.

4. Жастардың қанағаттануының ең төменгі деңгейі денсаулық сақтау / медициналық қызмет көрсету, жол құрылысы және жергілікті жолдарды қамтамасыз ету, абаттандыру және көгалдандыру, қоғамдық көлік, мәдениет және жастардың бос уақытын өткізу сияқты әлеуметтік салаларға тән.

5. Атырау облысындағы жастардың негізгі мәселелері, бірінші кезекте, әлеуметтік-экономикалық мәселелер – жұмыссыздық, төмен табыс және жоғары білімнің жоғары құны туралы айтуға болады. Өзектілігіне байланысты төртінші орында, азық-түлік және тұтыну тауарлары бағасының өсуіне байланысты мәселелер. Бес өзекті мәселелерді тәмамдайтын жастардың экологиялық жағдайға алаңдаушылығы болып табылады.

6. Атырау облысындағы жастардың басым бөлігі жұмыс іздеуінде және жұмысқа орналасуында қиындықтар туындағанын мәлімдеді. Аумақтық ерекшеліктері бойынша мәліметтерді талдау көрсеткендей, бұл мәселе ауылдық жерлерде тұратын жастарға тән.

7. Жастарды жұмысқа орналастырудың негізгі кедергісіне келесі себептерді жатқызуға болады: жұмыс тәжірибесінің жоқтығы, төмен жалақы, тұрғылықты жердегі жұмыс орындарының жоқтығы, жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлықпен айналысуы, бос жұмыс орындардың функционалдық талаптарымен білімнің сәйкессіздігі.

8. Респонденттердің көпшілігі дерлік ЖОО мен колледждердің түлектеріне алғашқы жұмыс орнын ұсынуға мемлекеттің қатысу қажеттігін атап өтті, бірақ олардың көбі бұл рәсім ерікті сипатта болуы керек деп санайды.

9. Сауалнама барысында респонденттердің 8,5 % жеке тұрғын үймен қамтамасыз етілгені анықталды. Қалған респонденттердің өз тұрғын үйлері жоқ, олардың 76,4 % ата-анасымен, 4,3 % туыстарымен тұрады,



7,8 % пәтерді/бөлмені жалға алады, ал жастардың 2,9 % студенттік жатақханада тұрады.

10. Сонымен қатар, респонденттердің жартысынан көбі бүгінгі күнгі тұрғын-үй жағдайына қанағаттанған. Атырау жастарының 7,4 % өз өмір сүру жағдайына қанағаттанбайтынын көрсетті, олардың басым көпшілігі ауыл тұрғындары.

11. Тұрғын-үй жағдайына қанағаттанбаудың негізгі себебі - ескі тұрғын үй. Қанағаттанбаудың басқа да факторлары бұл – кішкентай аудан, пәтердің қолайсыз орналасуы, коммуналдық қызметтердің құны жоғары болуы және жалға берілетін тұрғын үйдің құны жоғары болуы.

### **3 Бөлім. Жастардың әлеуметтік белсенділігі**

Жастардың қоғам мен мемлекеттің өміріне дербес қатысуына, әртүрлі әлеуметтік қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыруға және жүзеге асыруға деген ықыласы белсенді әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінің пайда болуына әкеледі. Әлеуметтік белсенділікті танытудың түрлі формаларын көрсетуге болады, себебі қоғам ол үшін түрлі салаларды ұсынады (саясат, мәдениет, БАҚ және т.б.). Бұл зерттеуде біз жастардың өмірінде қоғамдық қызметтің маңыздылығы қаншалықты екенін білуге тырысамыз. Атырау облысының жастары бүгінгі таңда азаматтық белсенділік танытуда ма?

#### **3.1 Қала жастарының патриоттық деңгейі және жастардың осы түсінікке интерпретациясы**

Қазіргі заманғы қоғамның маңызды құндылықтарының бірі патриотизм болып табылады, ол тек Отанға деген махаббат, өз елі үшін мақтаныш, оны білуге, түсінуге ұмтылу, жақсарту ғана емес, сондай-ақ өз мемлекетінің мүддесі үшін қызмет етуге дайын болу деп түсіндіріледі.


Осы зерттеу шеңберінде патриоттық деңгейі жастар санасында өз елінде мақтаныш сезіміне, Атырау халқының патриотизм тұжырымдамасына енгізген маңыздылығына, жастардың өз елінің өркендеуіне жасауға дайын болатын шаралар кешеніне байланысты бірқатар мәселелер бойынша зерттелді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан жастардың 84,4 % Қазақстанда тұратынын мақтан етеді (56,3 % – толықтай, 28,1 % – иә деуге болады). Қарсы жауапты тек 5,5 % ғана берді, сұралғандардың 7,8 % бұл сұраққа бейтарап көзқарас білдірді, ал 1 % жауап беруге қиналды (4-диаграмма).

Қазақстанның азаматы болуға деген мақтаныш респонденттердің жынысына байланысты болды: жас қыздар (86,5 %) жас жігіттерге (82,3 %) қарағанда, Қазақстан азаматы болуды мақтан тұтады. Сонымен қатар, патриотизм көрсеткіші этникалық, жас және аймақтық факторларға әсер етеді: қазақ ұлтының жастар тобында (86,2 %) орыс (64,1 %) және басқа ұлттар (42,9 %) тобына қарағанда жоғары. Сондай-ақ, респондент қаншалықты егде жаста болса, ол соншалықты Қазақстанда тұратынын мақтаныш етеді (14-18 жаста – 3,2 %, 19-23 жаста – 83,8 %, 24-28 жаста – 91,6 %). Тұрғылықты жері бойынша жастар арасында ауыл жастары (79,9 %) қалалық тұрғындарға қарағанда (95 %) қарағанда, Қазақстан азаматтары болуына мақтаныш сезімін білдіретінін атап өткен жөн.

4-диаграмма.


Сұрақ бойынша жауаптар: «Қазақстанда тұратыныңызды қаншалықты мақтан тұтасыз?», %



Жоғарыда келтірілген деректер «Сіз өзіңізді Қазақстанның патриоты санайсыз ба?» деген сұрақтың жауабына сәйкес келеді: 90,3 % оң нәтиже берді (63,9 % – «иә», 26,4 % – «иә деуге болады»). Бұл факт Атырау облысының жастары арасында патриотизмнің өте жоғары деңгейін көрсетеді (5-диаграмма).

5-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз өзіңізді Қазақстанның патриоты санайсыз ба?», %



Деректердің корреляциялық талдауы Атырау облысындағы жастар арасында Қазақстан патриоттарының орташа портреті болып табылады деген қорытынды жасауға болады, көбінесе:

- жас жігітке (87,8 %) қарағанда жас қыз (92,8 %);

- орыс (76,9 %) немесе басқа ұлт (57,1 %) өкіліне карағанда, қазақ этносының өкілі (91,6 %);
- қала тұрғынына карағанда (87 %), ауыл тұрғыны (98 %);
- 14-18 жас (80,3 %) пен 19-23 жастағыларға (91,4 %) карағанда, 24-28 жастағылар (96,2 %).

Осы зерттеудің аясында жастардың арасында «Қазақстанның патриоты болу» түсінігін интерпретациялау тағы бір зерттеу міндеті болды. Жастардың жауаптарын талдау Атырау облысының жас тұрғындарының 1/3 бөлігі патриотизмді Отанға деген махаббат ретінде түсінетінін көрсетті (27,4 %). Жастардың арасында патриотизм туралы басқа да патриоттық түсіндірмелерімен араласпайтын, кеңінен танымал екінші түсінік – азаматтың міндеттерін орындау (23,8 %), мемлекеттің заңдарын сақтау болып табылады. 19,3 % қазақстандық патриотизмді елдің ұлы болашағына сеніммен байланыстырады. Респонденттердің 18,5 % үшін қазақстандық патриотизм елдегі ұлы жетістіктер үшін мақтаныш сезімімен бірдей (12-кесте).

*12 кесте.*

*Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз үшін Қазақстан патриоты болу нені білдіреді?», %*

	%
Отанды сүю	27,4
Азаматтардың міндеттерін орындау, мемлекеттің заңдарын сақтау	23,8
Елдің ұлы болашағына сену	19,3
Елдің ұлы жетістіктерімен мақтану	18,5
Елдің мүдделерін қорғау	4,7
Отаннан тыс болғандағы сағыныш	1,9
Басқасы	1,4
Білмеймін	3

### **3.2 Атырау облысы жастарының мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуына қанағаттану дәрежесі және жастармен жұмыс жасайтын ұйымдар туралы ақпараттандырылу деңгейі**

Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың толық рухани, мәдени, білім, кәсіптік және физикалық дамуы, шешім қабылдау үдерісіне қатысуы, табысты әлеуметтенуі және елдің одан әрі дамуы үшін оның әлеуетінің бағыты үшін жағдай жасау болып табылады<sup>1</sup>.


Атырау облысындағы жастардың мемлекеттік жастар саясатын іске асырумен қанағаттану дәрежесін зерттеу мақсатында

<sup>1</sup> [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31661446#pos=123;-92](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31661446#pos=123;-92)

респонденттерге: «**Айтыңызшы, сіздер Қазақстандағы жастардың өмірін жақсарту үшін мемлекет жасайтын істерге қанағаттанасыз ба?**» деген сұрақ қойылды. Алынған сауалнаманың нәтижесінде, қатысушылардың 69,3 % – Қазақстандағы жастар саясатын жүзеге асыруымен қанағаттанады, ал 48,6 % қанағаттана алады, 20,7 % – толықтай қанағаттанады. Облыстың жас тұрғындарының 30,7 % қарама-қарсы жағдайды көрсетіп отыр, олардың 22,8 % – қанағаттанбайды деуге болады, ал 7,9 % – толықтай қанағаттанбайды (6-диаграмма).

**6-диаграмма.**

**Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, сіз Қазақстандағы жастардың өмірін жақсарту үшін мемлекет жасайтын істерге қанағаттанасыз ба?», %**



Қазақстандағы жастардың өмірін жақсарту үшін мемлекеттің жасап жатқанымен қанағаттана алады, Исатай ауданының жастары (жауап саны 96,7 % «Толықтай қанағаттанады» – 54,8 % және «Қанағаттанамын деуге болады» - 41,9 %). Махамбет ауданының жас тұрғындарының арасындағы бұл көрсеткіш 70,9 %, Мақат ауданы – 68,6 %. Атырау қаласында бұл көрсеткіш 63,9 % құраса, ал Құлсары қаласында 78,1 %.

Респонденттердің елді-мекен типі бойынша деректерді талдау қалалық жастар ауылдық азаматтармен салыстырғанда Қазақстанда жастар саясатын жүзеге асыру үдірісіне сыни түрде қарайтынын көрсетті. Осылайша, жастардың өмірін жақсарту үшін мемлекеттің жасаған істері қаншалықты қанағаттандырарлық екенін жиынтық көрсеткіші көрсетті, қалада 55,7 %, ауылда 72,8 % болды. Сонымен қатар, этникалық фактор елдегі жастар саясатын қабылдауға әсер етеді: орыс ұлт өкілдеріне (41 %) және басқа да ұлт өкілдеріне қарағанда (28,6 %), қазақ этносының өкілдері жастар саясатының іске асырылуын неғұрлым жағымды түрде бағалайды («толық қанағаттанамын» және қанағаттанамын деуге болады» жауап нұсқаларының жиынтық индикаторы – 62,4 %) (13-кесте).

**13-кесте.**

**Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, сіз Қазақстандағы жастардың өмірін жақсарту үшін мемлекет жасайтын істермен қанағаттанасыз ба?», % (ұлттар тұрғысынан)**

	ҚАЗАҚ	ОРЫС	БАСҚАСЫ
Толық қанағаттанамын	18,7 %	7,7 %	14,3 %
Қанағаттанамын деуге болады	43,7 %	33,3 %	14,3 %
Қанағаттанбаймын деуге болады	19,3 %	28,2 %	33,3 %
Қанағаттанбаймын	6,7 %	10,3 %	9,5 %
Басқасы	0,1 %	0	0
Мемлекеттік жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін	6,8 %	15,4 %	19,0 %
Білмеймін	4,6 %	5,1 %	9,5 %

Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан жастардың жартысы мемлекеттің жастарды қолдауына бөлген назардың дәрежесін жеткілікті деп бағалайды. Жастардың 55,8 % «иә, жеткілікті» және «жеткілікті деуге болады» деген жауапты таңдады. Алайда, мемлекеттің жастарға қолдау көрсетуі үшін бөлінген назарын жеткіліксіз деп санайтындардың үлесі 37 % құрайды (жеткілікті деуге болады – 26,2 %, жоқ, жеткіліксіз – 10,8 %). Жас азаматтардың тағы 7,1 % бұл сұраққа жауап беру қиынға соқты (7-диаграмма).

**7-диаграмма.**

**Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің ойыңызша, мемлекеттік органдар жастардың қолдауына жеткілікті көңіл бөле ме?», %**



Жалпы социологиялық сауалнама көрсеткендей, Атырау облысындағы жастармен жұмыс жасайтын ұйымдар туралы ақпараттандырылу деңгейлері беткі жағынан сипатталуы мүмкін, ал осы ұйымдар ұйымдастырған іс-шараларға жастардың қатысу деңгейі төмен.

Ең танымал жастар құрылымы – «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты, респонденттердің 21,4 % бұл ұйымды жақсы біледі. Атырау облысынан сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (52,3 %) ұйымның беткі көрінісіне ғана ие.

Берілген мәселе менің қаламның / ауылымның жастары үшін мүлдем өзекті емес	248	25,0
Білмеймін	164	16,5

**Сіз есірткіні пайдаланудың куәгері болып көрдіңіз бе?**

	Саны	%
Иә, мен мұндай жағдайларды жиі көремін	19	1,9
Мен кейде есірткіні пайдаланудың куәгері боламын	44	4,4
Жоқ, мен мұндай жағдайларды ешқашан көрген емеспін	892	89,4
Басқасы	5	,5
Білмеймін	38	3,8

**Сіз қалай ойлайсыз, егер Сіздің қалаңыздың / ауылыңыздың жастарында есірткі пайдалану құмары пайда болса, олар оны қай жерден сатып алар еді?**

	Саны	%
Мен жастардың есірткіні қайдан сатып алатынын білмеймін	977	97,7
Интернет арқылы	7	0,7
Базар	2	0,2
арнайы мейрамханаларда	1	0,1
Бағыттар ұжымдарда	6	0,6
дәріханаларда	1	0,1
Криминалдық жастарда	1	0,1
Дүкенде	5	0,5

**Сіздің ойыңызша, сіздің қалаңыздың / ауылыңыздың жастары есірткіге қандай себептермен тартылуы мүмкін?**

	<b>Саны</b>	<b>%</b>
Артық ақша мен бос уақыттың болуы кезіндегі қызығушылықтан	351	35,3
Есірткіні таратушыға жоқ деп айтуға ерік күші жетпегендіктен	70	7,0
Өмір қиындықтарынан қиял әлеміне кету құмарынан	260	26,2
Сәннен қалмау, «крутой» болып көрінуге ұмтылыстан	187	18,8
Денсаулыққа және өмірдің өзіне жауапсыз қараудан	291	29,3
Басқасы	9	0,9
<i>Білмеймін</i>	251	25,3

## 2 ТАРАУ ЭКСПЕРТТІК СҰРАУ

### 1 Бөлім. Зерттеудің әдіснамасы

Жастардың әлеуметтік жай-күйін бағалау, жастардың өздерінің субъективті бағалауынан бөлек, жастар ортасындағы жағдайға эксперттік бағалауды ұсынады.

Эксперттік сұрау – белгілі бір саладағы мамандардың құзыретті пікірін алуға мүмкіндік беретін социологиялық зерттеудің әдісі. Эксперттік сұраудың артықшылығы статистикалық деректермен бекітілетін зерттеу объектісінің жағдайы туралы шынайы ақпаратқа ие мамандар тарапынан жағдайды объективті бағалау мүмкіндігін алу мүмкіндігі.

Сарапшыларды іріктеудің негізгі критерийлері олардың құзыреттілігі және белгілі бір қызмет саласына қатысты беделі болып табылады. Осыған сүйене отырып, осы әдіснаманы қолдану барысында респонденттер тобының саны мен өкілеттілігі сапалық көрсеткіштермен қатар сандық көрсеткіштермен де бағаланады.

Қазіргі әлеуметтанулық зерттеудің *объектісі* ретінде Атырау облысының жастары (14-28 жастағы тұрғындар) болды.

Зерттеу *пәні* - Атырау облысы жастарының әлеуметтік жай-күйі.

Эксперттік сұраудың *мақсаты* Атырау қаласы жастарының әлеуметтік жай-күйін зерттеудің өмірлік іс-әрекетінің үш басты бағыты – жұмыспен қамту, азаматтық белсенділік және қауіп-қатер эксперттік бағалау призмасы арқылы зерттеу болып табылады.

Эксперттік сұрау әр түрлі салада маманданған 12 сарапшы арасында жүргізілді. Эксперттік сұраудың қатысушыларын іріктеу негізінен жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыруда өзінің кәсіби қызметтің шеңберінде тартылған сарапшылар арасында жүргізілді. Сарапшылар құрамы жұмыспен қамту орталығының мамандарын, оқу орындары әкімшілігінің өкілдерін, «Жас Отан» Жастар қанатының кеңселерінің өкілдерін, ЖОО-ның ЖІК өкілдерін, ЖРО қызметкерлерін, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, жастар ұйымдарының басшыларын, психологтарды және әлеуметтік педагогтарды қамтиды.

#### *Зерттеу болжамы*

Атырау облысындағы жастардың әлеуметтік жай-күйі, оның әлеуметтік мінез-құлықтық қондырғыларын қамти отырып, негізінен, жастардың жұмыспен қамту саласындағы қанағаттану дәрежесіне, жалпы әлеуметтік белсенділік деңгейіне (оның ішінде жастар ұйымдарының қызметіне қатысу), сондай-ақ нашарлық, алкогольизм, деструктивті діншілдік, суицидке ұшырау секілді қауіп-қатер деңгейіне байланысты. Деректерді жинау 2018 жылдың қарашасында өткізілді.

## 2 Бөлім. Жұмыспен қамту саласындағы жастардың мәселелері

### 2.1 Жастардың еңбек нарығындағы артықшылықтары мен шектеулері

Әлеуметтік, психологиялық және коммуникативтік ерекшеліктеріне байланысты жас кезеңде көптеген артықшылықтар мен шектеулер бар. Олар кәсіби қызметте көрініс табады.

#### *Жас мамандардың еңбек нарығында артықшылықтары қандай?*

Зерттеушілердің айтуынша, жас қызметкерлер өздерінің егде жастағы әріптестеріне қарағанда жиі белсенді. Бұдан басқа, олардың жасына байланысты жастар жаңа жобаларға оңай қол жеткізе алады, тәуекелге баруға дайын, қателесуден қорықпайды. Жас қызметкерлердің тағы бір артықшылығы - жаңа ортаға, жаңа әріптестерге және жұмыс түрлеріне бейімделу үдерісінің жылдамдығы. Бұл көбіне жастардың инновацияға бейімділігімен түсіндіріледі.

Бұл ерекшелікті жастарды жұмыспен қамту саласындағы отандық сарапшылар да көрсетеді.

*Жастар жаңашылдығымен ерекшеленеді, кәсіпкерліктегі және кез келген басқа салада түбегейлі өзгеріс жасауға қабілетті (жастар ұйымының өкілі).*

Зерттеушілердің айтуынша, жас мамандар жұмыс орнындағы тәжірибелі әріптестерге қарағанда көбірек уақыт жұмсайды, өйткені олардың бос уақыты көп. Әдетте, оларда өздерінің отбасылары жоқ, олар демалыс және мереке күндері жұмыс істей алады және іссапарға қуана баруға дайын.

Сауалнамаға қатысқан сарапшылар осы пікірмен келіседі және жастардың еңбек нарығындағы артықшылықтары бос уақытының көп мөлшеріне, сонымен бірге жалақыларға қатысты ұсақ талаптармен байланысты деп санайды.

*Жас мамандардың мойына артылған отбасылық міндеттері жоқ, төмен жалақыға қанағаттандырады және жоғары еңбек өнімділігімен ерекшеленеді. Бұдан басқа, олар білім алуға ұмтылады және білім үшін ашық (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Сарапшылар жұмыспен қамту саласындағы жастардың тағы бір артықшылығын – білімге деген ашықтық пен жаңа жұмыс әдістерін бөліп көрсетті.



Отандық сарапшылар сонымен қатар жас қызметкерлердің шет тіліндегі (негізінен ағылшын тілінде) біліктілігінің жоғары деңгейі ретінде техникалық артықшылығына назар аударады, бұл оларға техникалық жаңалықтарды оңай және тез түсінуге көмектеседі.

*Жас мамандар әлем тілдерін жақсы меңгергендігінің арқасында қазіргі заманғы ғылым мен техниканы жетік біледі (Атырау әкімдігінің жұмыспен қамту орталығының сарапшысы).*

Жоғарыда айтылғандардан басқа жас мамандар жастар шығармашылығын, сауаттылықты және бәсекеге қабілеттілігін жас қызметкерлер бойындағы артықшылық ретінде көрсетеді.

***Жастардың жұмыспен қамтылу барысындағы басқа жас топтарымен салыстырғанда қандай шектеулер бар?***

Аталған артықшылықтар, әдетте, бірқатар шектеулермен қатар жүреді. Зерттеушілер олардың арасында екі негізгі топты - объективті және субъективті түрлерді атап өтеді. Жас қызметкерлердің *объективті* шектеулері кәсіби тәжірибенің жетіспеушілігімен немесе толық болмауымен байланысты. Заманауи Қазақстандағы әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінде кәсіптік практика бағдарламалары студенттердің кәсіби ортада өмір сүруіне мүмкіндік бермейді, өйткені практика өтетін орнын таңдау кезінде студент болашақ жұмыс орны туралы сирек ойлайды. Нәтижесінде, қажетті негізгі дағдыларды игеруге бөлінген уақыт жиі тиімсіз болып келеді.

Сонымен қатар, дағдылардың болмауы жұмыс тәжірибесінің жоқтығына байланысты болуы мүмкін (соның ішінде өмірлік тәжірибе), егер жас қызметкер бірінші рет тапсырманы орындауға, нақты жұмыс кестесін ұстауға, қажетті құжаттарды рәсімдеуге, келіссөздер жүргізуге және басшылармен және қызметкерлермен қарым-қатынас жасауын айтуға болады.

*Еңбек өтілінің болмауы, білімнің жеткіліксіздігі, өз-өзіне сенімділіктің жоқтығы (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Персоналды басқару саласындағы зерттеушілер жастардың кәсіби салада тұрақтылықтың жетіспеушілігі, кәсіби байланыстардың жоқтығы, стресске жоғары сезімталдық және жұмыс тобындағы беделінің жоқтығы сияқты *субъективті* шектеулерді атап көрсетеді.

Социологиялық зерттеу кезінде сұралған сарапшылар студенттердің жұмыспен қамтылу мәселесіне назар аударады. Олардың пікірінше, студенттер еңбек нарығында әсіресе осал болып келеді,

өйткені олар толық уақтылы жұмысқа тұруға мүмкіндіктері жоқ, нәтижесінде олар, әдетте, біліктілігі төмен, ақы төленбейтін жұмыстың орнын толтырады.

*Ең төмен жалақы төленетін, тұрақсыз жұмыс күші студенттерден құралған. Мұның себебі тұрақты жұмыс жасағанда көптеген шектеулер бар - жастардың біліміне сәйкес келетін жұмыс табу қиын (жастар ұйымының өкілі).*

***Жастарға еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін қандай дағдылар қажет?***

Аталған артықшылықтар мен шектеулер еңбек нарығында жастардың бәсекеге қабілеттілігінің жоғары немесе төмен деңгейіне әкеледі. Артықшылықтар жас қызметкерлерге тәжірибелі әріптестермен, сондай-ақ бір-бірімен бәсекелесуге көмектеседі. Кемшіліктер, керісінше, жастарды одан да осал етеді және басқа жұмыс ізденушілермен бәсекелесу мүмкіндігінен айырады.

Сұралған сарапшылар жұмысқа орналасудағы жастардың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі - көзі олардың алған білімі екендігіне сенімді. Бұл ресми білім алу барысында алынған білім ғана емес, сонымен қатар өз бетінше игерген дағдыларды (тілдерді білу, техникалық жаңалықтарды пайдалану және т.б.) қамтиды.

*Жастардың бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, алынған білімде. Жастардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту үшін білім беру жүйесін дамыту қажет (Атырау қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығының маманы).*

Сарапшылар кейбір жастардың бәсекеге қабілеттілігінің шарты ретінде кейбір психологиялық ерекшеліктер мен жеке тұлғалық қасиеттері, бастысы стресске шыдамдылық, командада жұмыс істеу қабілеті, жастардың бәсекеге қабілеттілігі, жылдам шешім қабылдау қабілеті болуы мүмкін екеніне назар аударады.

*Кез-келген істе кез-келген жағдайдан шығуды үйрену керек (жастар ұйымының өкілі).*

## **2.2 Жастардың жұмыс іздеудегі негізгі стратегиялары**

***Бүгінгі таңда Атырау қаласы мен Атырау облысының еңбек нарығының қай салаларында ең көп бос жұмыс орындары бар? Жастар қандай ақпарат көздерінен ақпарат алады?***

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың айтуынша, жастарды жұмыспен қамтудың негізгі салалары - қызмет көрсету саласы мен жеке кәсіпкерлік. Бүгінгі күні бұл салалар бойынша Атырау қаласы және Атырау облыстарында жұмыспен қамтудың айтарлықтай саны бар. Сонымен қатар, қызмет көрсету саласында өз мамандығы бойынша жұмыс істейтін дипломы бар жастармен қатар, уақытша жұмысқа орналасу сипатына ие аз мамандандырылған, оқитын жастар да жұмыс істейді.

*Сауда саласы, жеке кәсіпкерлер (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Бос орындар туралы ақпарат алу көздеріне тоқтала отырып, сарапшылар Интернеттің, оның ішінде мамандандырылған сайттарды, порталдарды және әлеуметтік желілердің рөлін атап өтті. Бұдан басқа, сарапшылар аймақтардағы бос орындар туралы жергілікті газеттерде орналастырылған ақпараттың маңыздылығын атап өтеді.

*Қызмет көрсету саласында. Жиі ақпарат газеттердегі және әлеуметтік желілердегі жарнамалардан келеді (жастар ұйымының өкілі).*

*Интернеттен ақпарат алады (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

*Жастарды жұмыспен қамту орталығы, бұқаралық ақпарат құралдары, түрлі әлеуметтік желілер және enbek.kz порталы арқылы (Атырау қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығының сарапшысы).*

***Жастар үшін ең көп таралған жұмыс іздеу стратегияларын көрсетіңіз? Олардың ішіндегі қайсысы тиімді?***

Сарапшылардың пікірінше, жастарға жұмыс табудың ең кең таралған стратегияларының бірі - таныстар мен Интернет желісі. Қалай болғанда да, жұмыс іздеу барысында жас адам жиі бейресми арналарға жүгінеді, жұмыспен қамту қызметтерімен тікелей байланыстан қашады.

*Жеке әлеуметтік желілер арқылы іздеу (туыстар, достар, таныстар) (жастар ұйымының өкілі).*

*Интернет желілері, веб-сайттар, бос орындар жәрмеңкесі (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Халықтың (әсіресе жастардың) күнделікті өміріндегі Интернеттің маңызы жыл сайын өсіп келе жатқанын ескере отырып, болашақта

Интернетте жұмыс іздестіру көзі ретінде жоғары құндылық сақтап қана қоймай, жетекші орынды иеленетін болады деп болжауға болады.

***Кәсіби және техникалық, жоғары білімсіз жастардың негізгі бөлігі экономикалық қызметтің қай салаларында қамтылған?***

Жастардың әртүрлі себептермен оқу дипломдары жоқ жастардың санаты жұмыспен қамтылу мәселесінің белгілі бөлігіне маңызды болып табылады. Көбінесе мұндай жастар еңбек біліктілігі төмен салаларында жұмыс істейді, көбінесе еңбек ақысы төмен, физикалық еңбек түрі басым, беделдің төмендігі және кадрлар тұрақсыздығының жоғары деңгейімен сипатталады.

Отандық сарапшылардың айтуынша, Атырау облысындағы кәсіби білімсіз жастардың көп бөлігі қызмет көрсету саласында және құрылыс индустриясында жұмыс істейді.

*Қызметтер, құрылыс өнеркәсібі (Атырау қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығының маманы).*

*Сауда саласы (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Қалай болғанда да, осы санаттағы жастар жас ерекшеліктеріне байланысты шектеулермен қатар, жастардың өздері де осал болып келеді, өйткені олар жиі дипломы бар мамандармен бәсекелестік тудыра алмайды.

## **2.3 Жастардың еңбек нарығындағы мәселелері**

***Атырау қаласы мен Атырау облысының жастары жұмыспен қамту саласында қандай мәселелерді бастан кешіреді?***

Жастар еңбек нарығына қатысты мәселелер объективті және субъективті деп бөлуге болады. Объективті мәселелерге жастар үшін бос орындардың болмауы, еңбек нарығындағы сұранысқа ие және игерілген мамандықтар арасындағы теңгерімсіздік, жастар арасында кәсіби тәжірибенің жоқтығы жатады. Бұдан басқа, сарапшылар университеттің түлектерінің ағылшын тілін жетік меңгеру мәселесін олардың табысты жұмыс істеу мүмкіндігін төмендететінін көрсетеді.

*Бірінші мәселе ретінде жастар практикасының болмауы, содан кейін ағылшын тілі деңгейінің төмендігі, содан кейін бос орындар санының аздығы және бакалавриат біліміне деген төмен сұраныс жатады (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

*Субъективті* мәселелер жас үміткерлердің жұмыс орнына қатысты саналарында қалыптасқан және көбінесе жалақыға байланысты жоғары оқу орындарының түлектерінің күтілетін үміттерінен тұрады.

*Бүгін Атырауда жастардың негізгі мәселесі - еңбек пен еңбекақы мәселесі болып табылады. Атырау қаласының ерекшелігі жастардың жоғары ақы төленетін жұмысқа орналасуына деген ұмтылысы (Атырау қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығының сарапшысы).*

2018 жылдың екінші жартысында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы өткізген «Жастар ортасындағы әлеуметтік-саяси жағдайды зерттеу» социологиялық зерттеуінің барысында Атырау облысындағы сауалнамаға қатысқан жастардың 42 % үнемі жұмыспен қамту мәселелермен кезігетінін айтты. Облыстағы жастардың 30,4 % өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрудағы қиындықтармен кездеседі; олардың пікірінше арнайы кәсіби дағдыларды талап етпейтін жұмысты табу қиын емес. Атырау облысындағы сауалнамаға қатысқан жастардың тек 7 % аймақтағы жастардың ешқандай мәселелері жоқ екенін көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан жастардың айтуынша, аймақтағы жастарды жұмыспен қамтуға кедергі келтіретін негізгі мәселелері:

1. жұмыс тәжірибесінің жоқтығы – 59,4 %;
2. төмен жалақы – 46,4 %;
3. тұрғылықты жері бойынша жұмыс орындарының жоқтығы - 34,8 %;
4. жұмыс беруші үшін жастардың қажетті дағдыларының болмауы – 15,9 %.

Социологиялық сауалнама бойынша осы сұраққа жауап берген кезде респонденттер біреуден артық нұсқаны таңдай алды, сондықтан жауаптардың жалпы сомасы 100 % асады.

### ***Жастарды жұмыспен қамту мәселелерін шешу жолдары мен механизмдері қандай?***

Сарапшылардың пікірінше, жастарды жұмыспен қамту мәселесін шешудің негізгі механизм мамандарды даярлау жүйесін қайта қарау болып табылады. Студенттердің теориялық білімі мен олардың практикалық дағдылары арасындағы тығыз байланысты орнату қажет. Бұл үшін сарапшылар білім беру мекемелерінің әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік жеке компаниялармен және кәсіпкерлер Палатасымен студенттердің өздерінің кәсіби практикасын және одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында ынтымақтастықты нығайтуды ұсынады.

*Университеттер мен кәсіптік колледждер мемлекеттік және жекеменшік компаниялармен келісім жасасқан жағдайда жастар жұмыссыздығының алдын алуға болады(жастар ұйымының өкілі).*

*Әлеуметтік серіктестермен қарқынды өзара қарым-қатынас болуы керек. Кәсіпкерлер Палатасы мен білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты нығайту қажет (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

## **2.4 Жұмыссыздық қауіп-қатеріне көп мөлшерде ұшыраған жастардың санаттары**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша, 2018 жылдың 1-тоқсанында елдегі жастар арасында жұмыссыздық деңгейі 4,1 % құрады. Атырау облысында бұл көрсеткіш 2,6 % құрады. Соңғы 16 жылдағы жастардың жұмыссыздық деңгейіне қарасақ, онда оның республика бойынша да, Атырау облысында да біртіндеп төмендеу үрдісі байқалады (*1-кесте*).

*1-кесте*

*Жастар жұмыссыздығының деңгейі (%;2001-2017 жж. динамика бойынша)*

Кезең	Атырау облысы	Қазақстан
2001	21,2	16,6
2002	17,7	14,7
2003	17,1	12,7
2004	15,8	12,6
2005	14,9	11,9
2006	12,3	11,5
2007	9,7	9,7
2008	7	8,4
2009	7	8,5
2010	7,5	6,6
2011	4,5	6,1
2012	3,5	5,4
2013	3,5	5,5
2014	3,2	4,2
2015	2,4	4,4
2016	2,2	4,1
2017	2,2	3,9

### **Жастардың қай санаттары жұмыссыздық қауіп-қатеріне ұшыраған?**

Эксперттік сұрау жүргізу барысында жұмыссыз болу қаупі бар әлеуметтік-демографиялық топтар мәселесі көтерілді. Әрине,

сарапшылар жастық шақты жұмыссыз қалу қаупіне ұшырау кезеңі деп атап кетті. Сарапшылардың пікірінше, жастардың еңбек нарығындағы осалдығы, жас мамандардың бос орындарға берілетін өте төмен жалақыға келіспеуімен сипатталады.

*Монопсония жағдайына байланысты (нарықтағы жағдай бір ғана сатып алушы мен көптеген сатушылар болғанда) көптеген жастар жұмыс таба алмайды. 18 жастан 23 жасқа дейінгі жастар өте төмен жалақымен келіспейді және жұмысқа тұрудан бас тартады (жастар ұйымының өкілі).*

Бұдан басқа, жастар санаттарының арасында жұмыссыздық қаупіне ұшырап отқан, білімі жоқ немесе сұранысқа ие емес мамандықтары бар мамандарды жастар атап өтті.

*Жұмыссыз жастардың көбісінде белгілі бір мамандықтар жоқ (Атырау қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығының маманы).*

*Егер оқуы аяқталмаса, оның мамандығы сұранысқа ие емес (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Жастар арасындағы жұмыссыздық салдарының бірі - NEET санатындағы жастардың үлесінің өсуі. NEET индексі білімсіз, жұмыссыз және кәсіби дайындықсыз (ағылшын тілінен not in education, employment or training) жастардың пайыздық үлесін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2018 жылдың 1 тоқсанында NEET жастар санатының үлесі Қазақстандағы барлық жастардың 9 % құрады. Атырау облысында бұл көрсеткіш 8,2 % құрайды.

***Атырау қаласы мен Атырау облысының жастары арасында аяқталған дипломы бар жұмыссыздықтың көлемі қандай?***

Аймақтағы жұмыссыздықпен байланысты тағы бір мәселе - «дипломды жұмыссыздық» мәселесі, яғни, қолында оқу орнын аяқтағаны туралы дипломы бар ЖОО немесе ТЖКБ түлектерінің жұмыс таба алмау жағдайлары.

«Дипломды жұмыссыздық» - мамандық бойынша талап етілмейтін және ұзақ мерзімді перспективада басқа салаларда жұмыс істегісі келмейтін кәсіби дипломны бар жас азаматтар арасындағы жұмыссыздық.

Соңғы жылдары «дипломды жұмыссыздық» деңгейін төмендету мақсатында Қазақстан гуманитарлық және техникалық мамандықтар

арасында білім гранттарын бөлу жүйесін оңтайландыру бойынша шаралар қабылдады. Сонымен бірге отандық мамандар атап өткендей, жоғары және орта кәсіптік білімі бар кадрларды даярлаудың саны мен бейіндерінің оңтайлы құрылымын жоспарлауда мемлекеттің рөлін күшейту өзектілігі осыған байланысты.

Атырау облысында дипломды жұмыссыздық көлеміне қатысты сұралған сарапшылардың пікірлері әртүрлі. Мәселен, кейбіреулері аймақтағы дипломы бар жұмыссыз жастардың үлесі шамамен 45 % құрайды деп айтады. Басқалары, дипломды жұмыссыздық деңгейі 6 % аспайтынын айтады. Тағы біреулері аймақтағы жұмыссыздық деңгейінің төмен екенін сипаттайды.

Другие утверждают, что уровень дипломированной безработицы не превышает 6 %. Третьи высказываются, что уровень безработицы в регионе характеризуется как низкий.

*Шамамен 45 % (колледж директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

*6 % (жастар ұйымының өкілі).*

*Атыраудағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі төмен (Атырау қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығының маманы).*

Қалай болғанда да, бұл мәселе одан әрі зерттеуді және соңғы 10-15 жылдағы динамиканы зерттеуді талап етеді. Диплом алған көптеген білім беру мекемелерінің түлектері мамандық бойынша жұмыс істемейді, бірақ жұмыссыз болып табылмайтындығына назар аудару керек. Олардың кейбіреулері мамандығы бар, уақытша немесе толық емес жұмыспен айналысады, төмен білікті еңбек саласында, атап айтқанда, қызмет көрсету саласында жұмыс істейді. Бұл аймақтағы сұранысқа ие мамандықтарға мониторинг жүргізуді, білім беру гранттарын бөлу құрылымын әрі қарай түзету мақсатында түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысты статистикалық мәліметтерді зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

***Атырау қаласы және Атырау облысының ЖОО және ТжКБ түлектерінің әлеуметтік-экономикалық бейімделу мәселелері қандай?***

Атырау облысының әкімдігінің мәліметтері бойынша, 2018 жылдың басында 14-24 жас аралығындағы жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту 9,8 % құрады. Республика бойынша тұтастай алғанда бұл көрсеткіш 17 % құрайды.



Сұралған сарапшылардың айтуынша, елдегі білім беру мекемелерінің түлектері еңбек нарығында әлеуметтік-экономикалық бейімделу шараларын қажет етеді.

Отандық зерттеуші Төлегенова А.У айтуынша, республикада «Жастар практикасы», «Жұмыспен қамту-2020» мемлекеттік бағдарламасы, «Жол картасы-2020» сияқты жастар бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізілуде. Осы шараларға қарамастан, қазіргі заманғы Қазақстанның экономикалық және саяси жағдайын жұмыссыз жастар өндірістік қызметтен және қоғамдық өмірден оқшауланудың ортасы ретінде қабылдайды. Бұл жұмыссыз жастар арасында жаппай әлеуметтік тәуелділіктің, саяси экстремизмнің және қылмыстың негізі болып табылады. Жұмыссыздық жағдайы жас адамның психикасын зиянды, құртушы әсер етеді, фрустрация, агрессия жағдайын туғызады және әлеуметтік белсенділіктің мәнін жоғалтуға әкеледі. Жастардың көпшілігі осы жағдайды өз бетімен жеңе алмайды, олар арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік қызметтердің немесе орталықтардың көмегіне мұқтаж.

Елдің барлық ЖОО жүзеге асырылатын осындай іс-шаралардың бірі – білім беру бағдарламалары бойынша экономика және құқық теориясы курстарын енгізу. Сұрауға қатысқан сарапшылардың айтуынша, осы пәндерді игеру түлектерге нарықтағы жағдайды жақсы түсінуге және оған тез бейімделуге көмектеседі.

*Университет түлектері қоғамға тез бейімделеді, өйткені экономика және құқық теориясы барлық мамандықтар бойынша оқытылады (жастар ұйымының өкілі).*

## **2.5 Жастар арасында кәсіптік бағдарлау жүйесінің тиімділігін бағалау**

***Мемлекет оқу орындарын бітіруші түлектерді жұмысқа тартуға қалай қатысуы қажет?***

Кәсіптік бағдар жастардың кәсіби өзін-өзі анықтау мен жұмысқа орналасуына көмектесу кезінде еңбек нарығындағы тұлғалық ерекшеліктерін және әлеуметтік-экономикалық жағдайын міндетті түрде ескере отырып, кәсіпті таңдауға бағытталған ғылыми негізделген шаралар жүйесі.

Көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша, кәсіптік бағдарлаудың тиімді жүйесі жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша бағдарламаларды іске асырудың маңызды элементі болып табылады. Сарапшылардың пікірінше, кәсіптік бағдарлауды жоспарлау мен жүзеге асыру мемлекетке тиесілі болуы керек.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын жүзеге асыру барысында мемлекет тарапынан қабылданатын шаралар туралы айта отырып, сұралған сарапшылар мемлекеттің осы үдерістегі рөлінің белсенді болуы керек екендігімен келіседі. Кәсіби бағдарлаудың нақты механизмдері ретінде сарапшылар ЖОО мен ТЖКБ білім беру бағдарламаларына кәсіпорындарда ақылы жұмыс тәжірибесін енгізуді ұсынады.

*Барлық білім беру мекемелерінің 2-3 курс студенттері кәсіпорындарда ақылы практикаға жіберілуге тиіс (жастар ұйымының өкілі).*

Сонымен қатар, сұхбатқа қатысқан мамандардың пікірінше, орталық және жергілікті билік органдары ұсынатын мемлекет бітірушілерді жұмыспен қамту жағдайын үнемі қадағалап отыруы керек.

*Үкімет түлектердің жұмысын үнемі бақылап отыруы қажет. Жастар арасындағы жұмыссыздық әртүрлі жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін (Атырау қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығының сарапшысы).*

Сарапшылардың ұсыныстарының бірі жастарға міндетті түрде жұмыс орындарын ұсыну идеясы болды.

*Жастарға жұмыс орындарын ұсыну (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары)*

***Атырау қаласы және Атырау облысының оқу орындары (ЖОО және ТЖКБ) өз түлектерін жұмысқа орналастыру үшін қандай жұмыстар жүргізеді?***

Сауалнамаға қатысқан сарапшылар облыстың білім беру мекемелерінде бос орындар жәрмеңкесін өткізу сияқты кәсіптік бағдар берудің тиімді түрі болып табылады деп санайды. Бұл іс-шара білім беру мекемелері (түлектерімен) және әлеуметтік серіктестер (әлеуетті жұмыс берушілер – кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері) арасындағы байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді, бұл екі жағынан да маңызды.

*Біздің білім беру мекемемізде жыл сайын бітірушілердің мамандандырылған көрмесі өтеді. Атырау облысының ірі компаниялары, нотариустар, жергілікті атқарушы органдар бос орындар жәрмеңкесінде өздерінің бос жұмыс орындарын ұсынады (жастар ұйымының өкілі).*

*Білім беру мекемелері түлектермен бірге бос орындар жәрмеңкесіне қатысады, әлеуметтік серіктестермен шарттық негізде жұмыс істейді (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Бос орындар жәрмеңкесінен басқа, сарапшылар мемлекеттік бағдарлама шеңберінде Жастар практикасы ретінде кәсіби бағдар берудің бұл түрінің тиімділігін жоғары бағалады.

*Білім беру мекемелерінің түлектеріне жұмысқа орналасу кепілдігі беріледі. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарлама аясында жастар практикасы жүзеге асырылады (Атырау қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығының сарапшысы).*

Кәсіптік бағдарлауды жүзеге асыруда сарапшылар мойындаған осы мемлекеттік бағдарламаның жоғары тиімділігіне қарамастан, аймақта белсенді қатысатын жастардың үлесі жоғары емес. Осылайша, 2018 жылдың екінші жартысында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы өткізген «Жастар ортасындағы әлеуметтік-саяси жағдайды зерттеу» әлеуметтанулық сауалнамасына сәйкес, Атырау облысы жастарының 50 % астамы «Жастар практикасы» мемлекеттік бағдарламасымен белгілі бір дәрежеде таныс, алайда сол сәтте оған белсенді қатысатын жастардың үлесі 3 % аспайды.

***Жастардың жұмыссыздық мәселелерін шешу жолдарының бірі гуманитарлық ғылымдардан жас мамандарды техникалық мамандықтарға қайта даярлау тәжірибесі болуы мүмкін. Сіз бұл шараның перспективасын қалай бағалайсыз?***

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, жастардың жұмыссыздық мәселесін шешу механизмдерінің бірі аймақтағы сұраныс үнемі өсіп келе жатқан техникалық мамандықтар үшін гуманитарлық мамандықтар (аймақтар бойынша сұранысы аз) бойынша оқыған түлектерді қайта даярлау тәжірибесі болуы мүмкін.

Атырау облысындағы сауалнамаға қатысқан сарапшылардың айтуынша, бұл қайта даярлау бағдарламасы аймақтағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетудің нақты буыны болуы мүмкін, себебі техникалық білімі бар мамандар жеткіліксіз

*Қазіргі уақытта мұндай қайта даярлау біздің аймақтағы мұнай-газ саласы әлдеқайда дамығандықтан тиімді болып саналады, сол себепті бұл жұмыс мамандықтарына сұраныс көп (колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Басқа сарапшылардың пікірінше, бұл идеяның іске асуы мүмкін емес, өйткені бүгінгі таңда аймақта гуманитарлық білімі бар мамандарының жетіспеушілігі байқалады, және мұндай қайта даярлау бағдарламасы бұл мәселені күшейте алады.

*Мен гуманитарлық ғылымдар бойынша мамандарды Атырау облысында техникалық бағытқа қайта даярлау қажет деп ойламаймын. Өйткені өңірде гуманитарлық және медициналық мамандары тапшы (Атырау қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығының маманы).*

Аймақтағы жастардың жұмыссыздығына қарсы іс-қимыл жасаудың нақты шарасы ретінде сарапшылар аймақтағы техникалық мамандықтарға арналған грант бөлімдерінің санын көбейтуге бағытталған білім гранттарын бөлу жүйесін оңтайландыруды қарастырады.

*Бізде инженер, механик және физик сияқты елде техникалық мамандықтардың түлектері жеткіліксіз екенін білеміз. Перспектива - оқу орындарына бөлінген гранттар көлемінің ұлғаюы (жастар ұйымының өкілі).*

***Атырау қаласы және Атырау облысындағы жастар үшін жұмыс мамандықтары қанишалықты беделді?***

Техникалық мамандықтарға арналған гранттар санын көбейту мәселесі осы мамандықтардың аймақтағы жастардың санасындағы беделінің деңгейімен тығыз байланысты. Сарапшылар Атырау облысындағы жастар бүгінгі таңда техникалық мамандықтарды тартымды ететін жоғары сұранысын және қолжетімділігін мойындайды.

*Атыраудағы көптеген шетелдік мұнай компанияларының арқасында жұмысшы мамандықтардың ерекше маңызы бар (Атырау қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығының сарапшысы).*

*Қазіргі кезде шетелдік компаниялар тарапынан жұмыс мамандықтарына сұраныс бар(колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары).*

Сонымен қатар, сарапшылар атап өткендей, аймақтағы техникалық мамандарға деген жоғары сұранысқа қарамастан, жастар жеке секторда жұмыс істеуге тырысады.

*50/50, өйткені жастар өздерінің күнделікті жұмысқа қарап, көбінесе жеке кәсіпкерлікпен айналысуды қалайды (жастар ұйымының өкілі).*

### ***Қандай мамандықтар болашақта сұранысқа ие болады?***

Жұмыспен қамту саласындағы жастар мәселелерін шешу, соның ішінде жастар арасындағы жұмыссыздыққа қарсы күрес болашақтағы мамандыққа деген сұранысты болжайды. Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың айтуынша, болашақта техникалық мамандықтарға сұраныс жоғары болады, сонымен қатар туристік мамандарға деген сұраныс артады.

*Кәсіпкерлікке қатысты мамандықтарға сұраныс артуы мүмкін. Болашақта елдегі туризм барған сайын танымал болуы мүмкін, бұл қонақ үй ісі, мейрамхана және туризм саласындағы кәсіпқойларға деген қажеттілігін тудырады (жастар ұйымының өкілі).*

Бұдан басқа, сарапшылар болашақта ІТ-индустрия және инженерлік саласындағы мамандықтар сұранысқа ие болады деп есептейді.

### **3 Бөлім. Жастардың азаматтық белсенділігі**

Ерікті өзін-өзі ұйымдастыру ұйымдары мен қауымдастықтарының қатысуымен сипатталатын азаматтық қоғамның зерттеушілерінің трактовкасына сүйене отырып, азаматтық белсенділік әртүрлі коммерциялық емес құрылымдарға ерікті қатысу, сондай-ақ қоғамның игілігімен байланысты жалпыға ортақ азаматтық құндылықтар ретінде анықталуы мүмкін.

Жастардың азаматтық белсенділік деңгейін анықтау жастар арасында мемлекеттік жастар саясаты туралы, жастардың қанағаттану деңгейі, жастар ұйымдарының жұмысына қатысу дәрежесі, олардың қатысуының мотивациясы, жастардың азаматтық белсенділігіне қатысты мәселелер туралы хабардар болу дәрежесін қамтиды.

#### **3.1 Жастардың мемлекеттік жастар саясаты туралы хабарлар болу деңгейі**

*Атырау қаласы мен Атырау облысының жастары мемлекеттік жастар саясаты туралы қаншалықты біледі?*

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың пікірінше, аймақтың жастары мемлекеттік жастар саясатын жеткілікті біледі, себебі облыстың білім беру мекемелерінде ақпараттық сипаттағы іс-шаралар өткізіліп тұрады.

*Биылғы жылы жастар саясатының қызметкерлері Атырау қаласының барлық жоғары оқу орындарына барып қайтты. Жақсы деңгейде хабардар екеніне сенімдімін (еріктілер ұйымының жетекшісі).*

Сонымен қатар 2018 жылдың бірінші жартысында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген «Жастар ортасындағы әлеуметтік-саяси жағдайды зерттеу» жаппай әлеуметтанулық зерттеулерінің деректері Атырау облысындағы жастардың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын мекемелер туралы хабардарлығының төмен көрсеткіштерін көрсетеді. Мәселен, репрезентативті сауалнамаға сәйкес жастардың тек 5,8 % өздерінің қалалық/ауылдық жастар ресурстық орталықтарының қызметі туралы жақсы білетіндігін айтты. Тағы 11,6 % мұндай құрылымдар туралы білетіндерін айтты, бірақ олар өздері ешқашан бұл жерлерге хабарласпаған. 4.3 % олар туралы бірдеңе естіген.

Атырау облысының әрбір бесінші жас тұрғыны ғана (барлық үш жауап нұсқасының 21,7 % сомасында) мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын ұйымдар туралы көп немесе аз деңгейде хабардар. Тиісінше, жас азаматтардың 70 % ЖРО туралы ешқашан естімеген емес

Статистикалық мәліметтер бойынша, 2018 жылдың басында Қазақстанда 210 Жастар ресурстық орталығы жұмыс істеді. Атырау облысында осындай 8 орталық бар.

***Сіз жастардың мемлекеттік жастар саясатын іске асырылуына қанағаттану деңгейін қалай бағалайсыз?***

Аймақ жастарының мемлекеттік жастар саясаты туралы хабардарлығы төмен болғанына қарамастан, жастар оның тиімділігін жоғары бағалайды. Мемлекеттің жастар саясатының тиімділігін бағалаған, тек белгілі бір дәрежеде олардың жұмысы туралы хабардар респонденттер ғана. Нәтижелер аймақтағы мемлекеттік жастар саясатын тиімді деп бағалаған жастардың үштен бірін(75 %) көрсетті.

Жастардың азаматтық белсенділігіне қатысты маңызды пәселелердің бірі мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда жастардың қатысуының төмен деңгейі, студенттер мен жұмыс жастарын жастар ұйымдары туралы , жастар мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру және т.б. туралы ақпараттық жағынан аз хабардар болу деп айтуға болады.

Осындай іс-шараларға қатысуға тартылған жастардың бір бөлігі оларды оң деп санайды.

*Біздің жастар 2019 жылы Мемлекет басшысының Жолдауында жастар Жылы деп жариялауды қолдады. Жастар келесі жылы жастар үшін үлкен іс-шаралар (Университеттің ЖІК төрағасы) өткізетініне риза.*

### **3.2 Жастардың жастар ұйымдарының қызметіне қатысу деңгейі**

***Жастар ұйымдарының қызметінде Атырау қаласы және Атырау облысының жастары қаншалықты белсенді?***

Жастардың азаматтық қатысу деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі жастар ұйымдарының қызметіне қатысу деңгейі.

Атырау облысының әкімдігінің хабарлауынша, 2018 жылдың басында Атырау облысында 73 жастардың үкіметтік емес ұйымы жұмыс жасайды. Жалпы алғанда Қазақстанда осы кезеңде 866 ұйым тіркелген. Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың пікірінше, аймақтағы жастардың азаматтық белсенділігі орташа деңгейде сипатталады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда жастар ұйымдары туралы студенттерге хабарлау үшін облыстың білім беру мекемелерінде белсенді жұмыстар жүргізілуде.

*Қазіргі уақытта Атырау облысының барлық ЖОО жастар ұйымдары туралы біледі және олар туралы түсінігі бар. Орташа деңгейде қатысады! (еріктілер ұйымының жетекшісі).*

*Бізде студенттерге түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға көмектесетін еріктілер, қайырымдылық қорлары, пікірталас клубтары және студенттік өзін-өзі басқару тобы бар (Университеттің ЖІК төрағасы)*

***Жастар ұйымдарының қандай қызметіне қала және облыс жастарының үлкен бөлігін қамтылған?***

2018 жылдың бірінші жартыжылдығында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы өткізген «Жастар ортасындағы әлеуметтік-саяси жағдайды зерттеу» әлеуметтанулық зерттеуіне сәйкес, Атырау облысының жастарына ең танымал жастар ұйымдары арасында Қазақстанның КТК Одағын, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының Республикалық штабы, «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты, Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы.

2018 жылдың екінші жартыжылдығында социологиялық сауалнамаға сәйкес, елдегі жастар жобаларының ұсынылған атауларымен Атырау облысының жастары төмендегі бағдарламалармен көбірек таныс болды (2-кесте).

***2-кесте***

***Атырау облысы жастарының жастар ұйымдарының қызметіне қатысу деңгейі, екінші жартыжылдықта, 2018 ж., (%)***

	Білемін, қатыстым	Ештеңе білмеймін, естімедім
«Жастар практикасы»	<b>2,9</b>	49,3
«Дипломмен ауылға»	1,4	20,3
«Жасыл ел»	<b>7,2</b>	8,7
«Бизнес жол картасы - 2020»	1,4	31,9
2017-2021 жылдарға арналған өнімді жұмыспен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы.	0,0	59,4
«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасы	1,5	14,7
«Болашақ» халықаралық стипендиясы	0,0	34,8
«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы	0,0	42,6
«Серпін – 2050»	0,0	65,2
Барлығына арналған тегін техникалық және кәсіби білім беру	0,0	68,1
Жастар корпусын дамыту жобасы	0,0	75,4
Жастардың кадрлық резерві	0,0	76,8



Сауалнамаға қатысқан сарапшылар аймақтағы жастар арасында «Атырау еріктілер корпусы» және Пікірсайыс орталығы секілді жастар ұйымдарының арасында танымал екенін атап өтті.

*Атырау еріктілер корпусының базасы бүгінгі таңда 400 еріктілерді құрайды (еріктілер ұйымының жетекшісі).*

*Атыраудың пікірсайыс орталығы, Қайырымдылық Фонды (Университеттің ЖІК төрағасы).*

Атырау облысының әкімдігінің хабарлауынша, осы жылдың 2 тоқсанында «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасына қатысушылардың саны Атырау облысында 2000 болды, бұл жалпы ел бойынша орташа көрсеткіштен жоғары.

### **3.3 Жастардың жастар ұйымдарына қатысу мотивациясы**

***Сіздің ойыңызша, оның негізгі себептері қандай? Жастар ұйымдарының жұмысына неге жастар қатысады/қатыспайды?***

Азаматтық белсенділіктің саласы бойынша сұралған сарапшылардың пікірінше, аймақтағы жастардың жастар ұйымдарының жұмысына қатысуының себептері қызығушылықпен, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыспен және қоғамға көмектесу ниетімен басым.

*Әр адамда индивидуалды, біреудің жеке мүдделері бар, біреуі оларға жұмысқа орналасқысы келетінін айтады, ал біреуі қоғамға көмектесуге таза ниеті бар. Егер біз «қатыспайтын» туралы айтатын болсақ, бұл жалқаулықтың себебі деп түсіндіруге болады (еріктілер ұйымының жетекшісі).*

*Жастардың өздері үшін және қоғам үшін өткізетін бос уақыттары ұйымдастырушылық қабілеттерін одан әрі дамытуда әлдеқайда пайдалы болады (Университеттің ЖІК төрағасы).*

Кейбір сарапшылардың пікірінше, жастар ұйымдарының құрамы үнемі жаңарып отырады, соның ішінде жастардың барлық жаңа санаттары қосылып отырады.

*Жыл сайын жаңа жастар келеді - оқушылар мен студенттерден басқа жастар, оның ішінде кәсіпкерлер келеді (қоғамдық бірлестіктің төрағасы).*

### 3.4 Жастардың азаматтық белсенділік мәселелері

*Сіз жастар ұйымының жұмысындағы қандай теріс жақтарын атай аласыз?*

Эксперттік сұрау жүргізу барысында жастардың азаматтық белсенділігіне қатысты мәселелер туындады, олардың шешімі оларды жаңа деңгейге көтеруі мүмкін.

Негізгі мәселелердің қатарында сарапшылар жастардың жастар ұйымдарының жұмысына қатысуына және жастармен жұмыс істейтін ұйымдар арасындағы координацияның болмауына жастардың төмен мотивациясын атап өтті.

Сонымен қатар, сарапшылардың пікірінше, жастарды азаматтық белсенділіктің төмен деңгейінің мәселелерінің бірі белсенді жастардың қатарына жастарды тартудағы артықшылықтардың жоқтығы.

*Жастар үшін мотивация жетіспеушілігі мен мүмкіндіктердің берілмеуі (еріктілер ұйымының жетекшісі).*

*Ұйымдар бір-бірін қолдамайды (Университеттің ЖІК төрағасы).*

Сарапшылардың пікірінше, жастарды жастар жобасына тарту ғана емес, сонымен қатар олардың мүдделерін жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз ету маңызды.

*Жастар қатысуға кіріседі, бірақ тез өшіп қалады. Оларды қоғамдағы белсенді өмірге назарын аудару керек (еріктілер ұйымның жетекшісі).*

### 3.5 Азаматтық белсенділік саласында жастардың қатысу механизмдері

*Жастар арасында өзін-өзі ұйымдастыру процесін тиімді ынталандыру үшін не істеу керек?*

Атырау облысының әкімдігінің мәліметі бойынша, 2018 жылдың басында облыста 35 жастардың өзін-өзі басқару органы жұмыс істейді. Бұл ұйымдарға ЖОО өзін-өзі басқару органдары, ТЖКБ және аймақтық кәсіпорындар кіреді. Жалпы елде осы жылдың басында мұндай өзін-өзі басқару органдарының саны 640 болды.

Сарапшылардың пікірінше, жастардың азаматтық белсенділігінің деңгейін сақтау және оны арттыру үшін жастарды азаматтық позициясын көрсетуге және қоғамдық маңызы бар қызметтерге қатыстырылуына ынталандыру бойынша бағдарламаны әзірлеу қажет. Ынталандырушы факторлар ретінде, сұралған сарапшылар белсенді

студенттерді қосымша баллмен ынталандыру тәжірибесін енгізуді, сондай-ақ, беделді жастар іс-шараларына билеттермен марапаттауды ұсынады.

*Мысалы, Семей медициналық университетінің студенттері университет қабырғасында және қаланың белсенді өміріне қатысатын болса GPA бағасына қосымша балл қосылады. Сонымен қатар, ең белсенділерін әртүрлі форумдарға, басқа қаладағы, мемлекеттегі іс-шараларға жібереді (еріктілер ұйымының жетекшісі).*

Азаматтық белсенділікті көрсету формаларының бірі жастардың еріктілер қозғалысына қатысуы болып табылады.

Ұлттық еріктілер желісінің директоры Т.Миронюктің айтуынша, Қазақстандағы еріктілер жұмысы дамудың жаңа кезеңіне көшті. Қазақстандықтар, әсіресе жас ұрпақ, қоғамның игілігі үшін ерікті жұмыс – бұл тек бір адамның ғана емес, бүкіл елдің табысты өмір сүруінің бірден-бір шарты екенін түсінеді.

Сонымен бірге, Қазақстандағы еріктілер қозғалысының ұйымдастырушысы еріктілердің фрагменттік сипатына қарамастан қазіргі уақытта қазақстандықтар елдің қайырымдылық және қоғамдық өміріне белсене қатысады деп атап көрсетеді. Бұл спорт жарыстарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын волонтерлердің, қайырымдылық марафондардың, ауыр науқас балаларға қолдау көрсететін бағдарламалардың, балалар үйлері мен онкология бөлімдерінің жобаларының артуымен расталады.

«Қазақстанның скауттық қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің президенті Катенов И., Қазақстанда еріктілер жұмысы жастар ортасында идеологиялық вакуумды толтырып, жастарды және тұтас қоғамды ынтымақтастық, меншік және әлеуметтік оптимизм сияқты құндылықтармен байланыстыра алады деп атап көрсетеді.

Елдегі түрлі еріктілер ұйымдарының белсенді қызметіне қарамастан, жастардың басым көпшілігі оған қалай қатысуға болатынын білмейді (немесе қаламайды). Осылайша, өкілетті социологиялық сауалнамалардың деректері бойынша еріктілер қозғалысы жастардың арасында жеткіліксіз қамтылуын көрсетеді.

2018 жылдың бірінші жартыжылдығында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы өткізген «Жастар ортасындағы әлеуметтік-саяси жағдайды зерттеу» зерттеуіне сәйкес, Атырау облысының әрбір жиырмамыншы жас тұрғыны (барлық жастардың 5 % азы) волонтерлік тәжірибеге ие. Тиісінше, аймақтағы жастардың 95 % астамында осындай тәжірибе жоқ.

Сарапшылардың айтуынша, жалпы алғанда, Атырау облысының жастары Instagram сайттарында азаматтық позициясын ашық түрде көрсетеді. Алайда деструктивті белсенділіктің алдын алу үшін одан әрі жұмыс жасау қажет.

*Іс-шаралардың әр түрлі профилін дамыту қажет, сонда ғана жастар бос уақытын жұмсау мәселелері туындамайды. Жастарды өзіне тартатын жобаларды жүзеге асыру қажет (қоғамдық бірлестіктің төрағасы).*

## **4 Бөлім. Жастар арасындағы тәуекелдер мен қауіп-қатерлер**

### **4.1 Тәуекелдер мен қауіп-қатерлері бар жастардың өмірлік әрекетінің салалары**

Адам қызметінің кез-келген саласы теріс салдардан бөлек наразылық деңгейінің өсуіне негіз болатын тәуекелдер мен қауіптердің белгілі бір жиынтығын құрайды. Эксперттік сұрау жүргізу барысында жастар ортасында жастардың осындай жаман көріністері жаман әдеттерге, жастардың өз-өзіне қол жұмсау әрекеттеріне, агрессияның жалпы деңгейіне және аймақтағы жастардың наразылық белсенділігінің дәрежесіне байланысты болды.

#### ***Атырау қаласы мен Атырау облысының жастар ортасындағы негізгі тәуекелдер мен қауіп-қатерлер қандай?***

Сұралған сарапшылардың пікірінше, Атырау облысының жастарының арасында негізгі тәуекелдер құнды вакуум жағдайымен байланысты, жас ұрпақ дәстүрлі құндылықтарынан айырылады, нәтижесінде девиантты мінез-құлықтың өсуі байқалады.

*Девиантты мінез-құлық және құндылықтарды жоғалтуы мүмкін (мектеп психологы).*

Сарапшылардың пікірінше, мұндай құндылықтарды бұрмалаудың негізгі көздерінің бірі Интернет болып табылады, оның мазмұны бақыланбайды.

*Интернет-орта, түрлі сайттардың теріс әсері (психолог).*

Көптеген зерттеулерге сәйкес, кеңістіктің виртуализациясы адамға көптеген қажеттіліктерді қанағаттандыруға көмектесе алады. Бұған қоса, кибер әлеуметтену - қоғамдағы техникалық және ғылыми прогрестің қозғалтқышы. Дегенмен, біз осы құбылыстың жағымды ерекшеліктеріне қарамастан, оның ықтимал қауіптерін ескермеу мүмкін емес екенін көріп отырмыз, бұл өте ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

#### ***Атырау қаласындағы және Атырау облысындағы жастардың қандай санаттары тәуекелдер мен қауіп-қатерлерге ұшырайды?***

Сарапшылардың пікірінше, тәуекелдердің пайда болуына және олардың теріс салдарына ең осал – «әлеуметтік әлсіз» деген атаумен шартты түрде біріктіруге болатын жастардың санаттары болып табылады. Сонымен қатар, олардың әрқайсысында осалдыққа өз негізі болады. Ең алдымен, әлеуметтік осалдылық туралы айтатын болсақ, біз

аз қамтылған жастар, бірінші ұрпақ мигранттары (басқа елдерден келушілерді қоса алғанда), жұмыссыздар, жетім балалар, діни ұйымдарға тартылған жастар және тағы басқалары туралы айтып кетуіміз қажет.

*Аз қамтылған жастар, жұмыссыздар, діни ұйымдарға тартылған жетім балалар (мектеп психологы).*

Аймақтағы аталған жастардың бәрі мемлекеттік органдардың және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың назарын аударуды талап етеді, өйткені жастардың ерекшеліктерін ескеретін объективті мәселелердің болуы жастардың бұл санаттары үшін шешілмейтін мәселе болуы мүмкін.

Сарапшылардың пікірінше, жастар ортасында теріс салдардың себептері әдетте жастардың ортасында, оның қарым-қатынас ортасында (отбасы, достар, сыныптастар, әріптестер) кездеседі. Жас баланы әлеуметтендірудің негізгі рөлі тікелей көшеге байланысты.

*Көше, нашар компаниямен байланыс (мектеп психологы).*

## **4.2 Жастар арасында алкоголизм және нашақорлық мәселесінің ауқымы**

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың пікірінше, Атырау облысы жастарының арасында тәуекелдердің елеулі бөлігі зиянды әдеттерге бейімділікпен байланысты.

*Шылым шегу, алкоголизм, нашақорлық (әлеуметтік педогог).*

***Атырау қаласы мен Атырау облысының жастары жаман әдеттерге қаншалықты бейім?***

14-28 жас аралығындағы Атырау қаласы және Атырау облысының тұрғындары арасында өткізілген «Атырау облысының жастарының әлеуметтік жай-күйі» жаппай әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан жастардың 88 % темекі шекпейді. Тиісінше, қалған 12 % күніне бірнеше рет жиі шылым шегетіндерін мойындайды. Деректердің репрезентативтілігіне қарамастан, оларға толықтай сенуге болмайды, өйткені респонденттердің басым бөлігі шылым шегуді мойындамауы мүмкін, себебі қоғамдық пікірдегі темекі шегу құпталмайды және айыптауға себеп болады.

***Атырау қаласы мен Атырау облысының жастары арасында алкоголизм мәселесі қаншалықты өзекті?***

«Атырау облысындағы жастардың әлеуметтік жай-күйі» социологиялық зерттеулерінің деректері бойынша облыстағы жастардың 58,4 % алкогольді белгілі бір дәрежеде тұтынатынына сенімді. Олардың ішінде 21,8 % маскүнемдік мәселесін қалада / ауылда тұратын жастар үшін өте өзекті деп таниды.

### ***Атырау қаласында және Атырау облысында маскүнемдік факторлары қандай?***

Ғалымдардың айтуынша, алкогольді тұтынудың себептері әртүрлі. Барлық себептерді екі топқа бөлуге болады. *Себептердің бірінші тобы* қосымша релаксация қажеттілігінің артуына байланысты кейбір санаттарды алкогольге қарай бейімдеуге негізделген. Оларға эйфория, босаңсу, седативті заттарға қажеттілік жатады. Бұл нәтижеге қол жеткізудің қажеттілігі дәрігерлердің пікірі бойынша, көптеген адамдар санаттарында кездеседі: патологиялық сипаттағы, неврозбен ауыратын, қоғамда нашар бейімделген, сондай-ақ эмоционалды және физикалық жүктемемен жұмыс істейтін адамдарда.

Маскүнемдік *себептерінің екінші тобы* әлеуметтік қоршаған ортада, отбасылық дәстүрлерде, тәрбиелеуде, стресстік жағдайлардың болуы, тұқым қуалайтын факторлардың әрекетінде жатыр.

Екінші топқа бұқаралық ақпарат құралдарында алкогольді пропагандалау жатады. Сұралған сарапшылардың айтуынша, БАҚ алкогольді ашық және жасырын жарнамалаудың, теледидарда немесе Интернетте алкогольді қолданған көрінісі бар теріс салдарына (соның ішінде темекі шегу мен есірткі қолдану), жас адамның ішуші отбасындағы әлеуметтендірудің, жастар маскүнемдігінің негізгі факторлары деп атап кетті.

*Бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, ішімдік ішу көріністерін, «барлық адамдарға ұқсас болу» тілегін насихаттау (әлеуметтік педагог).*

Бұдан басқа, сарапшылар жастардың алкогольге және шылым шегу үрдісіне қызығушылығы жасөспірімдердің егде жастағы адамдарға ұқсау тілегімен өздерінің құрдастарының арасында қабылдануына деген ұмтылысымен түсіндіреді.

### ***Қала мен облыс жастарының ортасындағы есірткіге байланысты жағдайы қандай?***

Осы аймақтағы есірткіге байланысты жағдай туралы айта отырып, біз осы зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде өткізілетін социологиялық зерттеулердің деректерін ұсынамыз.

Атырау облысындағы жастардың әлеуметтік жай-күйін зерттеу аймақтағы жастардың шамамен 6 % есірткі қолданғанын көрсетті. Респонденттердің 1,9 % мұндай жағдайларды жиі көретіндігін айтты (!).

«Атыраулық жастардың әлеуметтік жай-күйі» социологиялық зерттеулерінің деректеріне талдау жасауға арналған алғашқы аналитикалық баяндаманың бірінші тарауында айтылғандай, қызығушылық таныту, денсаулығына деген жауапсыздық және өмірлік қиындықтардан кетуге деген ұмтылыс есірткіні қолданудың (көбінесе оны қолданбайтын жастар тарапынан) себептерінің бірі болып табылады.

Есірткіні қолдану деңгейі басқа аурулардың өсуімен тікелей байланысты. Атап айтқанда, есірткіні тұтынудың өсуі ЖИТС ауруының таралуына әкеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің деректері бойынша, 2018 жылдың 3 тоқсанында жалпы республика бойынша ЖИТС орталықтарында тіркелген жастардың саны 254 адам, соның ішінде Атырау облысынан 2 адам.

### ***Жастар ортасында нашақорлық пен алкоголизммен күресуге бағытталған қандай шаралар ең тиімді деп санайсыз?***

Сарапшылар, аймақтағы жастардың зиянды әдеттерге бейімділікпен күресу жөніндегі біршама шараларды атап өтті:

1. Интернетті қоса алғандағы бұқаралық ақпарат құралдарында шылым шегу мен маскүнемдікті насихаттау;
2. жастар арасында салауатты өмір салтын дамыту, бұқаралық ақпарат құралдарында спортпен шұғылданатын, зиянды әдеттерден бас тартқан салауатты, жас адамның имиджін қалыптастыру;
3. жастар ортасында (спортшылар, музыканттар, қоғам қайраткерлері) жоғары беделге ие, белгілі қоғамдық адамдардың салауатты өмір салтын жарнамалауға тарту;
4. әлеуметтік белсенділік пен жауапкершілік деңгейін арттыру мақсатында жастар ұйымдары мен клубтар жұмысына жастарды тарту;
5. әлеуметтік-экономикалық сипаттағы жастардың мәселелерін шешу, өйткені алкоголизм мен нашақорлыққа әсер ететін топтар арасында аз қамтылғандар, жұмыссыз жастар, NEET санатындағы жастар, жұмыссыз отбасылардан шыққан адамдар бар.

*Жастардың қоғамдық ұйымдарын құру (әлеуметтік педагог).*



#### 4.3 Жастар арасында суицид мәселесінің өзектілігі

*Атырау қаласы мен Атырау облысының жастары арасында суицид мәселесі қаншалықты өзекті?*

